

2026. 13 (2)

Asian Journal

"STEPPE PANORAMA"



ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2025
© Авторлар ұжымы, 2025

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

Жаркен Айгүл Мәлікқызы — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Томохико Уяма — PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)

Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Бурханов Бимурад Бадритдинұлы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан).

Копеева Сания Жуматайқызы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о
регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история, этнология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Коллектив авторов, 2026

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, Депутат Мажилиса Парламента РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Жаркен Айгуль Маликовна — доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва. (Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль Фараби. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

Томохико Уяма — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)

Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Бурханов Бимурад Бадритдинович — магистр, научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Копеева Сания Жуматаевна — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2026
© Group of authors, 2026

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Member of the Mazhilis of the Parliament of the RK. (Kazakhstan)

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Azimqulov Javohir — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Ian W. Campbell — PhD, Professor at the University of California (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Al Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

Kriege Viktor — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Ohayon Isabelle — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

Outram Alan — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Saburova Tatiana — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

Tomohiko Uyama — PhD, Professor at the Slavic-Eurasian Research Center, Hokkaido University. (Sapporo, Japan)

Zharken Aigul — Doctor of Historical Sciences, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Burkhanov Bimurad Badritdinovich — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY


Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 13. Is. 2, pp. 481-501, 2026
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2026_13_2_481-501

SOVIET MODERNIZATION AND THE ELIMINATION OF ILLITERACY: THE FORMATION OF THE ADULT EDUCATION SYSTEM IN KAZAKHSTAN (1920S–1930S)

*Gulshat Nurymbetova*¹, *Talgat Janysbai*^{2*}

¹Abai Kazakh National Pedagogical University
(13, Dostyk Ave., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Doctor of Political Sciences, Professor
 <https://orcid.org/0009-0002-4398-5076> e-mail: gulshat_nurymbet@mail.ru

²Abai Kazakh National Pedagogical University
(13, Dostyk ave., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Doctoral Candidate, Abai Kazakh National Pedagogical University
* corresponding author
 <https://orcid.org/0000-0002-4061-423X> E-mail: Talgat.janysbai87@gmail.com

© Valikhanov IHE, 2026

© Nurymbetova G., Janysbai T., 2026

Abstract. *Introduction.* The article examines Soviet modernization and the eradication of illiteracy in the 1920s–1930s, as well as the formation of the adult education system in Kazakhstan. The social and cultural development of Kazakhstani society in the 1920s–1930s was closely connected with the process of Soviet modernization. One of the main goals of the Soviet government’s educational policy was to increase literacy among the adult population and to form a national system of public education. The eradication of illiteracy among adults in the 1920s–1930s became a distinctive form of Soviet modernization implemented within the framework of the formation of a general education system and the policy of the cultural revolution in Kazakhstan. It had its own advantages: increasing literacy among the population, promoting social mobility, and facilitating industrial modernization. *Goals and objectives.* The aim of the study is to provide a historical analysis of the process of formation of the adult education system in Kazakhstan in the 1920s–1930s within the context of Soviet modernization policy. The source base of the research includes historical studies, materials from periodical press, and archival documents. *Results.* Soviet modernization in the 1920s–1930s represented a complex of socio-economic and cultural transformations aimed at a radical restructuring of society. One of its important components was the policy of eliminating illiteracy among the population. The Soviet government regarded illiteracy as one of the main obstacles to the construction of a socialist society. In the early 1920s, the level of illiteracy in Kazakh society exceeded 90%. This situation was a significant factor hindering economic and social development. The Soviet authorities viewed the eradication of illiteracy not only from an ideological perspective but also as an integral part of the process of social transformation and modernization. *Conclusion.* However, the process of eliminating illiteracy was closely linked with Soviet ideology. Educational programs were aimed at forming a communist worldview, and the education system was placed under party control. The transition to the Latin alphabet and later to the Cyrillic script also became part of broader cultural and political transformations. Therefore, it can be concluded that the ultimate goal of the educational

policy pursued by the Bolsheviks, particularly the campaign to eliminate illiteracy, was the formation of a Soviet intelligentsia.

Keywords: Soviet power, eradication of illiteracy, education, enlightenment, alphabet, People’s Commissariat for Education, ideology, social transformation, modernization

For citation: Nurymbetova G.R., Janysbay T.S. Soviet Modernization and the Eradication of Illiteracy: The Formation of the Adult Education System in Kazakhstan (1920–1930s) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Vol. 13. No. 2. Pp. 481–501. (In Eng.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_2_481-501

КЕҢЕСТІК МОДЕРНИЗАЦИЯ ЖӘНЕ САУАТСЫЗДЫҚТЫ ЖОЮ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕРЕСЕКТЕРГЕ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ (1920–1930 ЖЖ.)

Гүлшат Рамазанқызы Нұрымбетова¹, Талғат Сағатұлы Жанысбай^{2*}

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(13, Достық даңғылы, 050010, Алматы, Қазақстан Республикасы)
саяси ғылымдарының докторы, профессор

 <https://orcid.org/0009-0002-4398-5076> e-mail: gulshat_nurymbet@mail.ru

² Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(13, Достық даңғылы, 050010, Алматы, Қазақстан Республикасы)
PhD докторант

 <https://orcid.org/0000-0002-4061-423X> e-mail: Talgat.janysbai87@gmail.com

*Автор-корреспондент

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Нұрымбетова Г.Р., Жанысбай Т.С. 2026

Аңдатпа. Мақалада 1920–1930 жж. кеңестік модернизация және сауатсыздықты жою: Қазақстандағы ересектерге білім беру жүйесінің қалыптасуы қарастырылған. *Kipicne.* XX ғасырдың 20–30-жылдары Қазақстан қоғамының әлеуметтік және мәдени дамуы кеңестік модернизация процесімен тығыз байланысты болды. Кеңес өкіметінің білім беру саясатының басты мақсаттарының бірі – ересектер арасында сауаттылықты арттыру және ұлттық ағарту жүйесін қалыптастыру болды. Ересектер арасындағы сауатсыздықты жою XX ғасырдың 20–30-шы жж. Қазақстандағы жалпы білім беру жүйесінің қалыптасуы мен мәдени революция саясаты аясында жүзеге асырылған кеңестік модернизациялаудың айрықша нұсқасы еді. Оның өзіндік артықшылықтары болды: халықты сауаттандыру, әлеуметтік мобильдік, индустриялық модернизация. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* 1920–1930 жж. Қазақстандағы кеңестік модернизация саясаты аясында ересектерге білім беру жүйесінің қалыптасу процесін тарихи тұрғыда талдау. *Дереккөз базасына тарихи зерттеулер, мерзімді баспасөз материалдары мен архив деректері кіреді. Нәтижелер.* Кеңестік модернизация XX ғасырдың 1920–1930 жылдары қоғамды түбегейлі қайта құруға бағытталған әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістер кешені болды. Оның маңызды құрамдас бөліктерінің бірі – халық арасындағы сауатсыздықты жою саясаты еді. Кеңес өкіметі сауатсыздықты социалистік қоғам құру жолындағы басты кедергілердің бірі деп таныды. 1920 жылдардың басында қазақ қоғамындағы сауатсыздық деңгейі 90 %-дан асатын еді. Бұл жағдай экономикалық және әлеуметтік дамуды тежейтін маңызды фактор болды. Кеңестік билік сауатсыздықты жоюды тек идеологиялық тұрғыдан емес, әлеуметтік трансформация мен модернизация процесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырды. *Қорытынды.* Алайда сауатсыздықты жою үдерісі кеңестік идеологиямен тығыз байланысты болды. Оқу бағдарламалары коммунистік дүниетанымды қалыптастыруға бағытталды, ал білім беру жүйесі партиялық бақылауға алынды. Латын әліпбиіне, кейін кириллицаға көшу де мәдени-саяси өзгерістердің бір бөлігіне

айналды. Большевиктер жүргізген білім беру саясатын, атап айтқанда сауатсыздықты жою, модернизациялаудың соңғы мақсаты – кеңестік зиялыларды қалыптастыру болды деген тұжырым жасауымызға негіз бар.

Түйін сөздер: Кеңестік билік, сауатсыздықты жою, білім беру ісі, ағарту, әліпби, Ағарту халық комиссариаты, идеология, әлеуметтік, трансформация, модернизация

Дәйексөз үшін: Нұрымбетова Г.Р., Жанысбай Т.С. Кеңестік модернизация және сауатсыздықты жою: Қазақстандағы ересектерге білім беру жүйесінің қалыптасуы (1920–1930 жж.) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 2. 481–501 бб. (Ағыл.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_2_481-501

СОВЕТСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ И ЛИКВИДАЦИЯ НЕГРАМОТНОСТИ: СТАНОВЛЕНИЕ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ ВЗРОСЛЫХ В КАЗАХСТАНЕ (1920–1930 ГГ.)

Гулшат Рамазановна Нурымбетова¹, Талгат Сағатович Жанысбай^{2}*

¹ Казахский национальный педагогический университет им. Абая

(13, проспект Достык, 050010, Алматы, Республика Казахстан)

доктор политических наук, профессор

 <https://orcid.org/0009-0002-4398-5076> e-mail: gulshat_nurymbet@mail.ru

² Казахский национальный педагогический университет им. Абая

(13, проспект Достык, 050010, Алматы, Республика Казахстан)

PhD докторант

 <https://orcid.org/0000-0002-4061-423X> e-mail: Talgat.janysbai87@gmail.com

*Автор-корреспондент

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Нурымбетова Г.Р., Жанысбай Т.С. 2026

Аннотация. *Введение.* В статье рассматриваются советская модернизация и ликвидация неграмотности в 1920–1930-е гг., а также формирование системы образования для взрослых в Казахстане. Социальное и культурное развитие казахстанского общества в 1920–1930-е годы было тесно связано с процессом советской модернизации. Одной из главных целей образовательной политики советской власти было повышение уровня грамотности среди взрослого населения и формирование национальной системы просвещения. Ликвидация неграмотности среди взрослых в 1920–1930-е гг. стала особым вариантом советской модернизации, реализованным в рамках становления общей системы образования и политики культурной революции в Казахстане. Она имела свои преимущества: повышение грамотности населения, социальная мобильность и индустриальная модернизация. *Цель и задачи исследования.* Исторический анализ процесса формирования системы образования для взрослых в Казахстане в 1920–1930-е гг. в контексте политики советской модернизации. Источниковую базу исследования составляют исторические исследования, материалы периодической печати и архивные документы. *Результаты.* Советская модернизация в 1920–1930-е годы представляла собой комплекс социально-экономических и культурных преобразований, направленных на коренную перестройку общества. Одной из её важных составляющих стала политика ликвидации неграмотности среди населения. Советская власть рассматривала неграмотность как одно из главных препятствий на пути строительства социалистического общества. В начале 1920-х годов уровень неграмотности в казахском обществе превышал 90%. Это являлось важным фактором, сдерживавшим экономическое и социальное развитие. Советская власть рассматривала ликвидацию неграмотности не только с идеологической точки зрения, но и как составную часть процесса социальной трансформации и модернизации. *Заключение.* Однако процесс ликвидации неграмотности был

тесно связан с советской идеологией. Учебные программы были направлены на формирование коммунистического мировоззрения, а система образования находилась под партийным контролем. Переход на латинский алфавит, а затем на кириллицу также стал частью культурно-политических преобразований. Есть основания утверждать, что конечной целью образовательной политики большевиков, в частности ликвидации неграмотности, было формирование советской интеллигенции.

Ключевые слова: советская власть, ликвидация неграмотности, образование, просвещение, алфавит, Народный комиссариат просвещения, идеология, социальная трансформация, модернизация

Для цитирования: Нурымбетова Г.Р., Жанысбай Т.С. Советская модернизация и ликвидация неграмотности: формирование системы образования для взрослых в Казахстане (1920–1930-е гг.) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 2. С. 481—501. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_2_481-501

Кіріспе. 1920 жылдары «Сауатсыздықты жою» (ликбез) науқаны басталып, арнайы мектептер, курстар, қызыл отаулар мен оқу үйлері ашылды. Бұл мекемелерде ересектер мен балаларға оқу-жазу негіздері үйретілді. Қазақ даласында көшпелі және жартылай көшпелі халыққа бейімделген оқыту формалары енгізілді. Сонымен қатар, ана тілінде оқулықтар шығару, мұғалім кадрларын даярлау жұмыстары жүргізілді.

XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы ересектер арасындағы сауатсыздықты жою тақырыбы Қазақстанның кеңестік кезеңіндегі тарихнамада тар шеңберде ғана зерттелген тақырыптардың бірі саналады. Өйткені Қазан төңкерісінен кейін қазақ даласындағы кеңес өкіметін орнату кезеңіндегі еліміздегі сауатсыздықты жою мәдени революция аясында қарастырылып келді, ал 1920–1930 жж. сауатсыздықты жою және ересектерге білім беру жүйесінің ерекшеліктері:

- *Жұмысшы факультеттері:* жоғары оқу орындарына дайындық;
- *Сауат ашу пункттері:* ауылдық ересектерге практикалық оқыту;
- *Сырттан оқыту курстары:* жұмыс істейтін ересектерге арналған сауат ашу жүйелі талдауды қажет ететін тақырып.

Ересектер арасындағы сауатсыздықты жою XX ғасырдың 20-30-шы жж. Қазақстандағы жалпы білім беру жүйесінің қалыптасуы мен мәдени революция саясаты аясында жүзеге асырылған *кеңестік модернизациялаудың* айрықша нұсқасы еді. Оның өзіндік артықшылықтары болды: халықты сауаттандыру, әлеуметтік мобильдік, индустриялық модернизация.

Бірақ оны жүзеге асыру барысында біршама шектеулер әжептәуір кедергі жасады: көшпелі халықтың бұл науқанға енжар қатысуы, кадр тапшылығы, идеологиялық бақылаудың басымдылығы.

Ұсынылып отырған мақалада XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы ересектер арасындағы сауатсыздықты жою тарихы кеңестік модернизация ретінде қарастырылып, оның артықшылықтары мен шектеулері жан-жақты талданып отыр.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеу XX ғ. 20-30 жж. қазақ даласындағы кеңес өкіметін орнату кезеңіндегі еліміздегі сауатсыздықты жою мәселесіне арналған кітапханалар мен архивтерден алынған бастапқы және екінші реттік материалдарға сүйенеді. Зерттеу жұмысының негізгі дереккөздері ретінде біз архивтерде зерделеген, кеңес өкіметінің орнауы мен нығаюы қарсаңында және осы кезеңде сауатсыздық жою кезеңінің тарихын бейнелейтін құжаттық деректер пайдаланылды. Олардың ішінде Ағарту халық комиссариатының есептері, хат-хабарлары және өзге де құжаттары басымдыққа ие болды.

Атап айтқанда, 1920–1930 жж. кеңестік білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуы тарихы бойынша негізгі деректер Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік, ҚР

Президенттік архиві, Ресей Федерациясының мемлекеттік, экономика, қазіргі заман, ғылым академиясы архивтерінде шоғырланған.

Біз талдауға алып отырған тақырыпқа қатысты архив құжаттарының басым бөлігі ҚР Орталық мемлекеттік архивінде жинақталған. Архивтің 1920-1936 жылдар аралығын қамтитын 81-қоры Қырғыз (Қазақ) АССР Ағарту халық комиссариаты (Орынбор қ.), ал 1929 жылдан бастап Қазақ АССР Ағарту халық комиссариаты (Алматы қ.) қызметін көрсететін құжаттарды қамтиды (Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (бұдан әрі – ҚР ОМА). 81-қ., 1-т.).

Сондай-ақ ҚР Президенті Архивінің (ҚР ПА): 139-қор РК(б)П Қырғыз (Қазақ) комитеті, Қырғыз (Қазақ) облыстық партия комитеті, 140-қор РК(б)П Қырғыз (Қазақ) өлкесінің облыстық партия бюросы, 141-қор РК(б)П Қазақ Өлкелік партия комитеті қорының құжаттары тақырыптың маңызын ашу үшін өте құнды. Бұл қорларда ағарту ісі, педагогтардың кәсіби дайындығы, міндетті жалпыға бірдей бастауыш білім беру, латын қарпіне көшу, жалпы саяси-мәдени өзгерістерге, алғашқы бастауыш, орта, орта арнайы кәсіптік білім беру, ЖОО және ғылыми мекемелер, академиялық орталық, баспа ісін қалыптастыру туралы құжаттармен қатар сауатсыздықты жою шараларына қатысты құжаттар жинақталған (ҚР ПА. 139-қор РК(б)П Қырғыз (Қазақ) комитеті, Қырғыз (Қазақ) облыстық партия комитеті; 140-қор РК(б)П Қырғыз (Қазақ) өлкесінің облыстық партия бюросы; 141-қор РК(б)П Қазақ Өлкелік партия комитеті).

Таңдап алынған мәселені зерттеу құрылымдық-функционалдық талдау әдісіне негізделеді. Мұнда құрылым ретінде Қазақ Ағарту халық комиссариаты қарастырылса, функция ретінде осы комиссариаттың қазақ даласындағы сауатсыздықты жою жөніндегі қызметі талданады.

Зерттеу барысында тарихи принцип қолданылды. Бұл қағида қазақ даласындағы алғашқы сауат ашуға көмектесу, Қызыл отау, олардың құрылуы және далалық өңірде сауат ашу және мектеп, оқу құралдарымен қамту жөніндегі бөлімдер қызметінің тарихын Кеңес мемлекетінің қалыптасуы мен дамуы аясында қарастыруға мүмкіндік береді.

Сол кезеңдегі ғылымилықтың жалпыға ортақ стандарттарын ұстану идеологиялық ұстанымдарға сәйкестікті талап етті, бұл тарихи-мәдени зерттеулердің теориялық-әдіснамалық негізін шектеп, едәуір тарылтты.

Әдіснамалық тұрғыдан алғанда, кеңестік білім беруді реформалау тарихына арналған ғылыми еңбектердің басты ерекшелігі – мәдениеттанулық негіздердің және баламалы тұжырымдамалық тәсілдердің болмауы, сондай-ақ Қазақстандағы сауатсыздықты жою жөніндегі кеңестік реформаларды мектептік білім беру жүйесі негізінде ғана тарихи зерттеу нысаны ретінде қарастырудағы түсініктердің қарапайымдандырылуы болды.

Талқылау

Қазақстандағы сауатсыздықты жою мен ересектерге білім беру жүйесі мәселесі кеңестік, ресейлік және қазақстандық зерттеушілердің назарында болды. Кеңестік алғашқы зерттеулерде (Элькина, Богуславская, Курская, 1920: 32) сауатсыздықты жоюдың тек позитивті нәтижелері көрсетілді. М.П. Ким сауатсыздықты жоюдың 1930 жылдардың ортасына дейін аяқталғанын мәлімдеді, автор негізінен гендерлік аспектілерге назар аударады (Ким, 1967: 423). Кеңестік тарихи әдебиеттерді зерттеу сауатсыздықты жою және білім беру жүйесін реформалау мәселесінің авторлар тарапынан мәдени революция тұрғысынан қарастырылғанын, алайда өңірлік аспектінің ескерілмегенін көрсетеді. Бұл үрдіс орыс тілінде жазылған қазақстандық зерттеушілер А. Сембаевтың зерттеулерінде (Сембаев, 1953: 1962) А. Қанапиннің «Культурное строительство в Казахстане» (Канапин, 1964:366)» Н. Жандильдиннің «Кеңестік Қазақстандағы мәдениет пен ғылымның өркендеуі» (Жандильдин, 1956: 76), Р.Б. Сүлейменовтің «Қазақстандағы мәдени революцияның тарихи тәжірибесі туралы» (Сулейменов, 1967: 17), «Ұлы Қазан және Қазақстандағы мәдени өзгерістер» (Сулейменов, 1987: 88), «Кеңес халықтары мәдениеттерінің өзара ықпалы және қазақ мәдениетінің қазіргі жағдайы» (Сулейменов, 1987: 178), сондай-ақ Р. Б. Сүлейменов пен Х. И.

Бисеновтің «Артта қалған халықтардың мәдени прогресінің социалистік жолы (Қазақстандағы кеңестік мәдениеттің қалыптасу тарихы. 1917–1965 жж.)» (Сулейменов, Бисенов, 1967:194) және басқа да еңбектерінде айқын көрініс табады.

Қарастырылған еңбектерде кеңестік мәдениеттің Қазақстандағы мектептік білім беру жүйесіне, әдебиет пен өнердің дамуына тигізген ықпалының жалпы алғанда оң тәжірибесі көрсетілген әрі сауатсыздықты жою мәселесі шолу түрінде ғана талданған. Дегенмен бұл зерттеулер фактілік материалдардың молдығымен, сондай-ақ Қазақстандағы мектептік білім берудің қалыптасуы мен дамуын бейнелейтін құнды тарихи деректерді ғылыми айналымға енгізуімен ерекшеленеді.

Сонымен бірге аталған еңбектердің басым бөлігі жалпы мәдениет тарихына, мәдени революция мәселелеріне және кеңестік мектептің жалпы даму үдерісіне арналған. Онда қарастырылған мәселелер жеткілікті түрде кең мағынада талданады, ал сауатсыздықты жою мәселесі өңірлік тұрғыдан ғана көрсетілген.

Аталған еңбектерді зерттеудегі басты қиындықтардың бірі – 1920–1930 жылдардағы Қазақстандағы кеңестік сауатсыздықпен күрес моделінің қалыптасуы жөніндегі мәліметтердің үзік-үзік сипатта берілуі болып табылады.

Қазақстан тарихшылары – Беткенбаева Ш.К. (Беткенбаева, 1983: 194), Х.М. Әбжанов (Әбжанов, 2004: 344), Әлпейісов, (Әбжанов, Әлпейісов, 1992: 127), И.М. Қозыбаев (Қозыбаев, 1990: 136) және басқа да көптеген ғалымдар кеңестік кезеңде, 1920–1990 жж. қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың партиялық-мемлекеттік органдардың толық бақылауында болғанына қарамастан, республикадағы сауатсыздықты жою саясаты мен мектептік білім беруді реформалау тарихын зерттеу бағытында ауқымды ғылыми жұмыс жүргізді.

Бірқатар шетелдік зерттеушілер сауатсыздықпен күрес мәселесін жаңа мәдени тарихтың әдіснамалық бағдары аясында талдап, оны әлеуметтік тарих, күнделікті өмір тарихы және педагогика тарихымен тығыз байланыста қарастырады. Бұл бағыттағы зерттеулерде сауатсыздықты жою науқаны тек мемлекеттік білім беру саясатының құралы ғана емес, сонымен қатар кеңес қоғамындағы әлеуметтік трансформацияның маңызды элементі ретінде бағаланады. Мәселен, Беатрис Кингтің (King, 1937: 48-49), Дж.С. Каунтса (Каунтс, 1936: 39), Ш. Фицпатрик (Fitzpatrick, 1979: 135), сияқты шетелдік тарихшылар сауатсыздықты жою үдерісін «социалистік модернизация» және «мәдени революция» ұғымдарымен байланыстыра отырып, оның кеңестік қоғамның әлеуметтік құрылымына тигізген ықпалын талдайды. Олардың зерттеулерінде сауат ашу қозғалысының кейбір қайшылықты қырлары, мысалы, жергілікті халықтардың дәстүрлі мәдени ортасына мемлекеттік идеологияның енгізілуі, оқыту үдерісіндегі мәжбүрлеу тәсілдері, сондай-ақ көпұлтты кеңестік кеңістікте тіл саясатының рөлі ашып көрсетіледі.

Англо-америкалық тарихи әдебиетте 1930–1950 жылдары КСРО-дағы халыққа білім беру мәселелеріне қатысты объективтік бағыт басым болды. Бұл, бір жағынан, Кеңес Одағының ғылым мен білім саласындағы жетістіктерімен, халықаралық беделінің өсуімен, екінші жағынан, 1930-жылдардағы Батыс Еуропа елдерінің ішкі проблемаларымен түсіндірілді.

Зерттеушілер 1930-жылдардың бірінші жартысындағы КСРО-дағы білім беру жүйесінің дамуына ерекше назар аударды. Дәуірдің тікелей куәгері Беатрис Кингтің еңбегінде білім берудің барлық сатыларына сипаттама беріліп, РКФСР Ағарту халық комиссариатының (Наркомпрос) құрылымы баяндалды, индустрияландыру міндеттері мен білім беру жүйесі қызметінің өзара байланысы көрсетілді. Бұл жүйенің жұмыс істеуі мен дамуы аталған міндеттерді шешуге ықпал еткені атап өтілді.

Нәтижелер

Жалпы алғанда кеңестік құрылымдағы ең ірі реформалардың бірі – *Халықтың сауаттылығын арттыру* – бұл ірі жетістік, алайда ол мәдени революцияның тек бастамасы ғана. В.И. Лениннің жазуынша, «...оқу мен жазу дағдылары мәдениетті көтеруге қызмет етуі тиіс...» (Ленин, 1970, т.44: 171).

Шындығына келгенде, Қазақ тарихы, оның ішінде ағарту саласы мен білім беру ісінің тарихы, жалпы алғанда Кеңес Одағы тарихымен қатар, тарихи таным тұрғысынан аса күрделі кезеңдердің бірі болып саналады. Бұл кезең қоғам дамуының көпқырлылығымен, әлеуметтік-саяси және мәдени үдерістердің ішкі қайшылықтарымен ерекшеленеді. Аталған қайшылықтар тек тарихи даму барысында ғана емес, мәдени эволюция үдерісінде де айқын көрініс табады.

Дүбірлі оқиғалар мен саяси төңкерістерге толы XX ғасырда Қазақстан бір жағынан терең әлеуметтік-саяси күйзелістер мен трагедиялық бетбұрыстарды бастан өткерсе, екінші жағынан жалпыадамзаттық өркениет пен мәдени кеңістікке қарқынды енуімен сипатталатыны белгілі. Кеңестік қоғамдық-саяси жүйе елде сауатсыздықтың жойылуы, мәдени революциялық саясаттың жүзеге асырылуы барысында тек оқу мен білімді қалыптастыру деңгейінде тоқтап қалмай, ғылыми ойдың дамуына, көрнекті ғалымдар мен зерттеушілердің, сондай-ақ дарынды суретшілердің, жазушылардың, музыканттардың және режиссерлердің қалыптасуына белгілі бір дәрежеде ықпал етті.

Салыстырмалы түрде 1920–1930 жж. қысқа тарихи кезең ішінде елімізде жүргізілген сауатсыздықпен күрес аясында көптеген шығармашылық бірлестіктер, көркемдік мектептер, мәдени бағыттар мен ағымдар, сондай-ақ әртүрлі көркемдік стильдер қалыптасты. Бұл үдерістер елдің мәдени дамуының сапалық жаңа деңгейге көтерілуін айқындайды.

Алайда 1920-1930-шы жж. кеңестік мемлекет құрылымында ерекше әлеуметтік-мәдени жүйе қалыптастырылғанын ескерген жөн. Бұл жүйенің айрықша белгілері – қоғамның рухани өміріне идеологиялық бақылау орнату, ұлттық тарихи санаға ықпал жасау, қоғамдағы әртүрлі көзқарасты жою, ең бастысы – қазақ ұлттық зиялы қауым өкілдерінің басым бөлігін жою болды. Бір сөзбен айтқанда, кеңестік кезең ағарту мен білім беру ісі және мәдениет пен ғылымның қалыптасуы мен дамуы қайшылықтарға толы болды. Ағарту саласында бір мезетте оң және теріс құбылыстар қатар көрініс тапты. Сондықтан бүгінгі таңда сол кезеңдегі мәдени құбылыстарды бағалау барысында объективтілік принципін сақтау, кез келген идеологиялық ұстанымдардан бас тарту аса маңызды.


Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңнен бастап бейбіт өмірге өту сатысында ең алдымен кеңестік қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өмірін социалистік қайта құруға қажетті кадрлардың жетіспеушілігі анықталды. Пролетариат революциясының көсемі атанған В.И. Ленин РСФСР халықтары арасындағы сауатсыздықты жою туралы декретке қол қойған кезде бұл құжаттың мемлекеттік маңыздылығына ерекше мән берген (Ленин, 1970, т.44: 174).

Осы Декретті жүзеге асыру барысында кеңестік билік жалпы халықты сауаттандыру күресін қоғамдық қатынастар, халық шаруашылығы және мәдениет салаларындағы түбегейлі өзгерістердің шешуші алғышарттарының біріне айналдырды. Бұған дейінгі 1917 жылғы желтоқсанда РСФСР Халық Білім комиссариатында Н.К. Крупская басқаратын мектептен тыс бөлім құрылды. Оның негізгі міндеттерінің бірі елдегі сауатсыздықты жоюды ұйымдастыру болды (Штамм, 1985: 284).

Аталмыш бүкілресейлік қаулыларды басшылыққа алған Қазақ Ағарту халық комиссариаты тарапынан да сауатсыздықты жою мәселесі бойынша алғашқы кеңестік модернизациялау жүзеге асырылды. Мысалға, 1918 жылдың қыркүйекте өткен мұғалімдердің I съезі мен 1919 жылдың қаңтарында II съезінде оқу-ағарту саласының материалдық базасы мен кадрлық әлеуетін нығайту, әдістемелік жұмыстарды жетілдіру және сауатсыздықпен күресті күшейту жұмыстары жан-жақты талқыланады (Зиманов, Даулетова, Исмагулов, 1975: 210).

Қазақстанда сауатсыздықпен күрестің жандануына ХКК-нің 1919 ж. 26 желтоқсанда қабылдаған «Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасының (РКФСР) халықтары арасындағы сауатсыздықты жою туралы» декреті түрткі болды. Декрет 8-50 жас арасындағы сауатсыздарды ана тілінде немесе орыс тілінде мемлекеттік мектеп жүйесі арқылы жазу мен оқуға үйретуді күн тәртібіне қойды. Бұл жұмыстың мерзімін жергілікті Кеңестер анықтайтын болды. Ағарту халық комиссариаты мен оның жергілікті органдарына сауаты бар азаматтарды еңбек міндеті ретінде сауатсыздықты жоюға жегу құқы берілді.

Ал 1919 жылғы мамырда өткен Бірінші Бүкілодақтық мектептен тыс білім беру съездге қатысушыларының бастамасымен АХК-ның тарапынан «РСФСР халқы арасындағы сауатсыздықты жою туралы» декрет жобасы дайындалды. Сауатсыздықты жою елдегі барлық халықтың саяси және шаруашылық өмірге саналы қатысуын қамтамасыз етудің басты шарты ретінде қарастырылды. 1919 жылғы 26 желтоқсанда Халық Комиссарлары Кеңесі (ХКК) «РСФСР халқы арасындағы сауатсыздықты жою туралы» декрет қабылдады. Декретке сәйкес, ел бойынша сауатсыздық толық жойылуы тиіс болды: 8-50 жас аралығындағы оқи алмайтын және жаза алмайтын барлық азаматтар өз тілінде немесе қалауы бойынша орыс тілінде сауат ашуды міндетті түрде үйренуге тиіс болды (СУ РСФСР, 1919: 592).



Сурет 1 – РСФСР –де Халықтың сауатсыздығын жою туралы декрет.

[Figure 1 – Decree on the Elimination of Illiteracy among the Population of the Russian Soviet Federative Socialist Republic (RSFSR)]

Қазақ даласындағы сауатсыздық жою шараларының бастауында 1920 ж. 17 қыргүйегінде қабылданған Түркістан АКСР-де «Халық арасындағы сауатсыздықты жою туралы» декретте жеке адамдардың үйлерін, шіркеулер мен діни үйлерді, клубтарды, фабрикалар мен зауыттардағы, тіпті кенес мекемелеріндегі лайықты деген бөлмелерді сауат ашу ісіне пайдалануға болатындығы айтылды (Культурное строительство ... 1973, Т.1: 153). Жалпыхалықтық маңызы бар бұл шараға партияның жергілікті ұяшықтары, жастар одағы, кәсіподақ ұйымдары, әйелдермен жұмыс істеу комиссиялары тартылуымен ерекшеленетін бұл науқан ағарту саласын кеңестік модернизациялаудың жарқын көрінісі еді.

1920 ж. маусымдағы «Қырғыз (Қазақ) өлкесінде сауатсыздықты жою туралы Қырревком жанындағы Халық ағарту бөлімі нұсқауларында»: «1. 14 жастан 50 жасқа дейінгі барлық сауатсыз халық оқытуға жатады.

2. Бұл жұмыс облыстық, уездік және аудандық мектептен тыс бөлімшелерге және ұйымдасқан халық мекемелеріне жүктеледі. Ондай бөлімшелер болмаған жағдайда, *уақытша (міндет)* халық ағарту бөлімдеріне жүктеледі, ал олар да болмаған жағдайда – *жергілікті атқару комитеттеріне* жүктеледі.

3. Сауатсыздықты жою үшін ұйымдасқан халықтың, кеңестік және партиялық мекемелердің өкілдерімен комиссиялар мен кеңестер ұйымдастырылады» (ҚР ОМА. 846-қ., 1-т., 12-іс, 35–36-пп.), – деп ашық та айқын мәтінде жазылды.

Нұсқаулық РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1919 ж. 29 желтоқсандағы декреті, РКФСР Ағарту халық комиссариатының 1920 ж. 21 қаңтардағы нұсқауы негізінде құрастырылған.

Оның «Сауатсыздықты жою бойынша жұмыс жоспарына» сәйкес барлық жұмыс халықтың өздігінен бастамасына (негізделуі) тиіс болды. Сонымен қатар мектептен тыс бөлімшелердің жалпы жиналысында, халық, кеңестік және партиялық мекемелер өкілдерінің қатысуымен, ол жердің халқын сауатсыздықтан арылтуға арналған *жалпы жоспар* дайындалып, сауатты және сауатсыз халықты есепке алу техникасы, мектептер мен мұғалімдер – *сауатсыздықты жоюға тартылуы мүмкін тұлғалар* қамтамасыз етілу тәртібі белгіленді.

Берілген нұсқаулыққа сәйкес сауатсыз халықты есепке алумен қатар, облыстық, уездік және аудандық мектептен тыс бөлімшелер сауатсыздарға арналған мектептерді тез арада ашу қолға алына бастады. Сауатсыздықты жою Уақыт пен қаражатты үнемдеу мақсатында, бұл мектептер I және II сатыдағы мектептерде, мектептен тыс білім беру мекемелерінде және партия ұйымдарында ашылды.

1920 жылғы шілдеде Халық Комиссарлар кеңесінің Халық ағарту халық комиссариаты жанынан «Сауатсыздықты жою жөніндегі Бүкілресейлік төтенше комиссияны бекіту туралы» қаулыға сәйкес құрамына: И.П. Брихничев (төраға), Д.Ю. Элькина (төрағаның орынбасары), Л.Р. Менжинская, Н.И. Подвойский және П.И. Кулябко секілді мүшелері енгізілген *ерекше комиссиясы* құрылып, сауатсыздықты жою жұмыстарын ұйымдастыру міндетін алды. Комиссия ликбез курстарын ұйымдастыру, мұғалімдерді даярлау және оқу құралдарын шығару жұмыстарын жүзеге асырды. Сауатсыздықты жою мемлекеттік бағдарламасын іске асыру экономикалық қиыншылықтарға қарамастан жүргізілді. Дегенмен, Ресейдің халық шаруашылығын қалпына келтіру жалпы білім деңгейін және халықтың мәдени деңгейін көтеруді талап етті (Декреты, 1980:367).

Алғашында Комиссияның алдына 35 жасқа дейінгі барлық ересек тұрғындарды оқуға және жазуға үйрету міндеті қойылды, алайда кейінірек бұл міндет 50 жасқа дейінгі халықты қамтитын деңгейге дейін кеңейтілді. Төтенше комиссия құрылымдарының төңірегінде 1924 ж. «Сауатсыздық жойылсын!» атты жаппай қоғамдық қозғалыс қалыптасты (ҚР ОМА. 766-қ., 1-т., 2-іс, 22-п.).

1923 жылғы 14 тамызда Орталық Атқару Комитеті мен Кеңес Халық Комиссарлары Кеңесі «Сауатсыздықты жою туралы» декретін қабылдады, ол 1919 жылғы декретті толықтырып, кеңейтті. Сауат ашуды үйренушілер үшін жұмыс күні оқыту барысына сәйкес екі сағатқа қысқартылып, жалақы сақталды. Халық білім беру органдарына сауатсыздарды оқыту сабақтарын ұйымдастыру үшін халық үйлері, шіркеулер, клубтар, жеке үйлер, фабрика және зауыттағы қолайлы бөлмелер, сондай-ақ басқа да мекемелерді пайдалануға рұқсат берілді. АХК-ты мен оның жергілікті органдарына сауатсыздарды оқытуға барлық қоғамдық ұйымдарды, сондай-ақ елдегі барлық сауатты халықты еңбек міндеттілігі тәртібімен тартуға құқық берілді.

Кесте 1 - 1920–1932 жылдар аралығында республикада сауатсыздық пен жартылай сауатсыздықты жою жөніндегі статистикалық мәліметтер (Социалистическое строительство, 1936:291)

Жылдар	Оқытуға тартылған сауатсыз және шала сауаттылар	
	барлығы (мың)	Алдыңғы жылға шаққандағы %
1920–1921	72,0	-
1921–1922	0,7	-

1922–1923	4,1	-
1923–1924	15,8	385,4
1924–1925	21,9	138,1
1925–1926	39,4	180,0
1926–1927'	43,6	110,7
1927–1928	44,0	100,9
1928–1929	140,0	318,2
1929–1930	275,0	196,4
1930–1931	424,0	154,2
1931–1932	211,0	49,8

Кесте берілген мәліметтерді талдаудан кейін мынандай қорытынды жасауымызға болады. *Оқыту қарқынының өсуі*: 1920–1923 жылдары оқытылған адамдар саны өте төмен, бірақ 1923–1924 жылдан бастап қарқынды өсім байқалады (385,4 %).

Сол тұстағы ағарту саласындағы кеңестік модернизациялаудың жетістігі болып табылатын *сауатсыздықты жою шараларының кеңеюі*: 1928–1929 жж. және 1929–1930 жж. көрсеткіштері күрт өсуі (сәйкесінше 140 мың және 275 мың), бұл халыққа сауатсыздықты жоюға бағытталған шаралардың тиімділігін көрсетеді.


Республикада сауатсыздық пен жартылай сауатсыздықты жою реформаларына сәйкес *тұрақтану және азаю*: 1930–1931 жж. саны ең жоғары деңгейге жетіп, 1931–1932 жж. күрт төмендеуі (211 мың, 49,8 %) – бұл халықтың үлкен бөлігі оқытылғанын, қалған сауатсыздардың саны азайғанын көрсетеді.

Сауатсыздық пен жартылай сауатсыздықты жою барысындағы байқалған *жалпы үрдіс*: 1920–1932 жылдар аралығында республикадағы сауатсыздықты жою динамикасы тұрақты өсу және кейінгі тұрақтану сатысынан өткен.

Бұл ахуалдың диаграммалық сызбада былай көрсетуге болады.

1- Диаграмма. Сауатсыздық пен шала сауатсыздықты жою бойынша 1920–1932 жж. оқытылғандар саны.

Сауатсыздық пен жартылай сауатсыздықты жою бойынша оқытылғандар саны, 1920–1932 жж.



1920–1930-жылдары Қазақ өлкесінде сауатсыздықты жою жұмыстары жалпыодақтық үрдістермен қатар жүрді, алайда оның өзіндік ұлттық-мәдени ерекшеліктері болды. Оның жарқын дәлелі ретінде ХХ ғасыр басындағы қазақтың А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Дулатов сынды қазақ ағартушылары жаңа ұлттық әліпбиді енгізу, ауыл жастарының сауатын

ашу және ересектерге білім беру мектептерін ұйымдастыру мәселелерін алғаш көтерді. Сонымен қатар Т. Рысқұлов, С. Мендешев, Т. Жүргенов, С. Сейфуллин, О. Жандосов, Н. Залиев, И. Тоқтыбаев сияқты кеңестік кезең қайраткерлері сауатсыздықпен күресті мемлекеттік деңгейде жүргізуге үлес қосты (ҚР ОМА. 81-қ., 1-т.).

1920 ж. 26 тамызда Қазақ АКСР-ін құру туралы декрет жариялануы (ҚР ОМА. 427-қ., 1-т., 57-іс, 23-27-пп.) мен сол жылғы 1 қазанда Орынборда өткен ҚКК-нің I құрылтай съезінен кейін республикада сауатсыздықты жоюға бағытталған маңызды стратегиялық шаралар қолға алынды. Атап айтқанда, съездің қаулысында республикадағы сауатсыздықты үш жыл ішінде толық жою міндеті бекітілді. Осы мақсатта Қазақ Әскери-революциялық комитетінің негізінде Ағарту халық комиссариаты құрылды. Комиссариат сауатсыздарды оқыту үшін сауаттылардың барлық ресурстарын жұмылдыру жөнінде шешім қабылдады (ҚР ОМА. 81-қ., 86-іс, 96-п.; 81-қ., 15-іс, 100-п.).

Осындай маңызды құжаттардың қабылдануы нәтижесінде Қазақ халық ағарту жүйесін кеңейту және ұйымдастыру мақсатында барлық облыстар мен уездерде Халық ағарту комиссариаттары мен бөлімшелері құрылды, бұл жүйелі және ұйымдасқан түрде сауатсыздықты жоюға бағытталған жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік берді. Қазақ өлкесіндегі сауатсыздықты жою шаралары Қазақ Әскери-революциялық комитетінің 1920 ж. 28 қыркүйектегі бұйрығы негізінде жүзеге асырыла бастады (ҚР ОМА. 81-қ., 1-т., 89-іс, 33-п.).

Осы бұйрық бойынша барлық сауатсыздықты жоюға арналған педагогикалық курстар **облыстық халық ағарту бөлімдері** арқылы ұйымдастырылуы тиіс болды. Сондай-ақ **Торғай облысында** кемінде 5 курс ашу, **Орал облысында** – 7 курс, **Семей облысында** – 7 курс, **Ақмола облысында** – 8 курс, **Бөкей және Еділ-Каспий аудандарында** – 5 курс ашу қажеттілігі және әрбір курсқа **100 адамнан оқытылып**, оқыту ұзақтығы **үш апта** болады деп көрсетілді (ҚР ОМА. 81-қ., 1-т., 89-іс, 33-п.).

Соныменен, 1920–1921 жж. республикадағы сауатсыздықты жою жөніндегі жұмыс жағдайы ҚАКСР Ағарту халық комиссариатының 1921 ж. 30 тамыздағы бірінші жартыжылдықтағы есебінде Сауатсыздықты жою жөніндегі Төтенше комиссияның статистикалық мәліметтерінде былай көрсетіледі:

«Орынбор-Торғай губерниясы

Губерналық (төтенше) комиссия (сауатсыздықты) жою үшін 1920 ж. желтоқсан айының соңында ұйымдастырылды және қала мен губерния бойынша жұмыс атқарады.

Ұлттық азшылықтар бөлімшесі жанында сауатсыздықты жоюға арналған арнайы секция бар, оның жұмысы қалада тек татар халықтарымен жүргізіледі. Қазіргі уақытта губернияда 1127 (сауатсыздықты жою) мектебі бар, ал қалада – 92. Барлығы 1219 мектеп, қала мектептері: 34 орыс, 18 мұсылман және 40 қызыл әскер мектебі. Губерния бойынша мұғалімдер – 1413, қалада – 55 орыс, 31 мұсылман және 40 қызыл әскер. Барлығы 1539 мұғалім. Оқушылар: губернияда 37 876, қалада 1158 орыс, 640 мұсылман және 1350 қызыл әскер. Барлығы – 41 024 (оқушы).

Қостанай губерниясы

Қостанай губ (сауатсыздықты жою комиссиясы) 347 (сауатсыздықты жою) мектеп ашты, соның ішінде 305 орыс мектебі және 42 қырғыз-татар мектебі, онда шамамен 7000 адам оқыды. 39 мектеп қалада, қалғандары губернияда орналасқан. 347 мұғалімнің 127-сі маман, қалғандары сауатты халықтан.

Орал губерниясы

Орал губ (сауатсыздықты жою комиссиясы) 328 мектеп ашты, 306 ликвидатор жұмыс істеді, оқушылар саны 9036 адамға жетті. Сауатсыз халықты есептеу аяқталды: 174 437 адам.

Бөкей губерниясы

Бөкей губ (сауатсыздықты жою комиссиясы) 429 мектеп ашты, оның ішінде губернияда 258 орыс мектебі және 139 қырғыз мектебі. Қалада 16 азаматтық және 16 қызыл әскер мектебі. Мектептерде 12 612 адам оқиды, ликвидаторлар саны – 500.

Адай ауданы (уезі – Т.Ж.)

Адай губ (сауатсыздықты жою комиссиясы) 4 мектеп ашты, онда 75 адам оқыды: 50

қырғыз және 25 орыс. Сауатсыз халық есептелмеген.

Ақмола және Еділ-Каспий аудандары

Қауіпсіз байланыстың нашарлығына байланысты (сауатсыздықты жою комиссиясы) жұмысы туралы мәлімет жоқ.

Қосымша курстар

Семейде (сауатсыздықты жою комиссиясы) 4 мұсылман курсы ашты, әр курсқа 6 адам.

Ақмола губ (сауатсыздықты жою комиссиясы) педагогикалық курстар ашты: Петропавлда – 120 адам, Ақмолада – 150 адам, Атбасарда – 150 адам.

3 жылдық педагогикалық курстар: Петропавлда – 84 адам, Ақмолада – 100 адам, Атбасарда – 68 адам.

Оренбург-Торғай және Қостанай губернияларында курстар ұйымдастыру сатысында (ҚР ОМА. 5-қ., 2-т., 8-іс, 40 қ.-42-пп.).

Есепте берілген мәліметтерді диаграмма түрінде былай көрсетуімізге болады.

2 – Диаграмма. 1921 республика губернияларында сауатсыздықты жою бойынша статистикалық мәліметтер.



Диаграммада көрініп тұрғандай **Орынбор-Торғай** губерниясы мектептер, мұғалімдер және оқушылар бойынша ең үлкен көрсеткішке ие. Ал, **Қостанай, Орал, Бөкей** губерниялары орташа деңгейде орналасқан болса, **Адай уезінің** көрсеткіштері өте төмен, тек 4 мектеп және 75 оқушы.

1924 ж. 24 мамырдағы ҚазОАК төрағасы С. Меңдешевтің РКФСР ОАК-не жасаған республика халқы арасындағы сауатсыздықты жою туралы баяндамасында: «1922 және 1923 жылдарға Қырғыз Ағарту халық комиссариаты бойынша 539 сауатсыздықты жою пунктін (ликпункт) ашуды жоспарлаған болатын. Алайда әлі де толық жойылмаған ашаршылық салдары мен қаржы қаражатының жеткіліксіздігіне байланысты небәрі 171 сауатсыздықты жою пункті ғана ашылды, яғни жоспар 31 % ғана орындалды.

Осылайша, 1923 жылдың соңына қарай барлығы 3 000 адам сауаттылыққа оқытылды. 14 пен 30 жас аралығындағы сауатсыздар саны (дөңгелектелген деректер бойынша) 1 200 000 адамды құрады, олардың ішінде 800 000 – қырғыздар, 400 000 – орыстар болды.

1920, 1921, 1922 және 1923 жылдардағы сауатсыздықты жою жұмыстарының қорытындысын шығара отырып, бұл қызметтің бір жағынан кездейсоқ сипатта (ашаршылық кезеңіне байланысты), екінші жағынан қаржы тапшылығына орай жүйесіз жүргізілгенін атап өтуге болады. Тек 1923 жылдың желтоқсанында ғана Қырғыз Орталық Атқару Комитеті Президиумының қаулысына сәйкес (жоғарыда көрсетілгендей) Қырғыз Ағарту халық комиссариаты тарапынан сауатсыздықты жоюдың нақты келесі жоспары әзірленді. Аталған жоспар бойынша 1003 сауатсыздықты жою пункті ашылуы тиіс болды» (ҚР ОМА. 5-қ., 3-т., 75-іс, 95-97-пп.), – деп көрсетеді.

Қазақстандағы сауатсыздықты жоюда оң нәтижелері 1927–1928 оқу жылының қорытындысы бойынша: 44,0 мың адам сауатын ашса, 1928–1929 оқу жылында олардың саны 140 мың болды. Сауатсыздықтың пайыздық үлесін қазақтар арасында 91,3 %-дан 89,5 %-ке, өзбектер арасында 95,6%-дан 92,0 %-ға, ұйғырлар арасында 89,0 %-ан 85,0 %-ға, орыстар мен мен басқа этностар арасында 50,0 %-ан 49,0%-ға жеткендігін байқауымызға болады (Директивы, 1947: 126).

1928 ж. 11 қарашадағы БК(б)П Қазөлкекомитетінің «Сауатсыздықты жою ісінің жай-күйі туралы қаулысында» төмендегідей жағдайларға басымдылық берілген:

- Қазақстандағы сауатсыздықты жою ісінің жай-күйі мен қарқыны өте мардымсыз жетістіктерге қарамастан және бірқатар қиындықтарды бастан өткере отырып, әлі де ауыр жағдайы;

- сауатсыздықты жою жұмысының мазмұнында елеулі кемшіліктер ретінде: кадрлардың сан жағынан жеткіліксіздігі және сапалық әлсіздігі; нұсқаулықтар мен әдістемелік басшылықтың әлсіздігі; сауатсыздықты жоюға бөлінген қаражаттың уақтылы және ұтымды пайдаланылмауы; сондай-ақ басты кемшілік – сауатсыздықты жою жұмысын ұлттық және таптық тұрғыдан бағыттауға жеткілікті көңіл бөлінбеуі;

– Сауатсыздықты жою қоғамдары (ОДН) мүлдем әлсіздігі мен баспасөздің сауатсыздықты жою ісін ұйымдастырушы рөлінің төмендігі (ҚР ПА. 141-к., 1-т., 1845-іс, 46-47 қ.-пп.).

Сауатсыздықты жою ісінің осындай ауыр жағдайын ескере отырып Қазөлкеком Бюросы: сауатсыздықты жоюға бөлінетін қаржының үлес салмағын арттыру; қоғамдық күштерді, комсомолды сауатсыздықты жою ісіне барынша жұмылдыру СЖҚ (ОДН) қызметін жандандыру; бұқаралық ұйымдар – кәсіподақтар, кооперативтік ұйымдар, «Қошсы» одағы, т.б. арасында сауатсыздықты жою үшін арнайы қаржы бөлу; сауатсыздықты жою ісін ұйымдастыруда барлық әлеуметтік санаттарды қамту; әйелдер арасында сауатсыздықты жою жұмысы ерекше бағыт ретінде бөлініп жүргізілуі; кадрларды арнайы курстар мен конференциялар арқылы жүйелі түрде (жыл бойы) даярлауды жолға қою; Қазақстан жағдайында сауатсыздықты жою ісінің аса маңызды екенін ескере отырып, аудандарда, округтерде және орталықта тиісті атқару комитеттерінің төрағалары басқаратын жауапты сауаттылық тексеру комиссияларын (грамчека) қалпына келтіру; жаңа түркі әліпбиіне көшу мәселесі; осыған байланысты баспасөз секторы өлкелік НТА комитетімен бірлесе отырып, «Еңбекші қазақ», «Ауыл тілі» және округтік газеттерде жаңа әліпби бұрышын кеңейтуді қамтамасыз етілуін қажет деп есептейді.

Сонымен қатар 1930 ж. 11 ақпанда **ҚАКСР Кеңестерінің Орталық Атқару Комитеті Төралқасы РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1929 жылғы 6 қыркүйектегі сауатсыздық пен шала сауаттылықты жою жөніндегі шаралар туралы қаулысын назарға ала отырып қаулы қабылдайды. Қаулыда 1932 жылғы 1 қазанға дейін ҚАКСР-дегі еңбекші халықтың барлық санаттары арасында сауатсыздық өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы жұмысшылары үшін 16 жастан 50 жасқа дейін, өзге еңбекшілер үшін (кедейлер, орта шаруа, қолөнершілер және т.б.) 16 жастан 35 жасқа дейін ұлтына қарамастан толық жойылу керектігін атап өтеді (ҚР ОМА. 81-к., 1-т., 1448-іс, 161-163-пп.).**

Осыған байланысты 1930 ж. 26 қарашасында **ҚАКСР Ағарту халық комиссариаты алқасы «Сауатсыздық пен шала сауаттылықты жоюды әдістемелік басқару туралы» арнайы шешім шығарады. Онда Ағарту халық комиссариаты алқасы жалпы АХК-да сауатсыздық пен шала сауаттылықты жою жұмысын бағдарламалық-әдістемелік тұрғыдан басқаруы дұрыс жолға қойылмағандықтан, жергілікті деңгейде де жеткіліксіз деп есептейді және бұл саладағы жүргізіліп жатқан барлық жұмыстың сапасын төмендететіндігін атап көрсетеді.**

Сондықтан мәдени шараларды ұйымдастыру, сауаттылардың көпшілігін сауатсыздарды оқытуға тарту жағдайында республиканың барлық аумақтарында сауатсыздық пен шала сауаттылықты жою жұмысына әдістемелік басшылықты дереу қамтамасыз етуді талап етеді (ҚР ОМА. 929-к., 3-т., 6-іс, 4-п.).

1931 ж. 28 наурызда республикадағы сауатсыздық пен шала сауаттылықты жоюға және

жалпы білім беру ісін жүргізуге жоғары оқу орындары мен техникум студенттерін тарту туралы да арнайы шешім қабылданып (ҚР ОМА. 81-қ., 3-т., 17-іс, 114-115-пп.), ол біршама өзінің жемісін береді.


1931 жылы Қазақ АКСР-інде «Сауатсыздықты жою туралы» жарлық қабылданып, нәтижесінде ересектерді оқыту үшін «Қызыл отаулар», кешкі мектептер, көшпелі қызыл керуендер ұйымдастырылды (ҚР ОМА. 1137-қ., 6-т., 812-іс, 133-пп.).

Қазақстандағы еңбекшілер арасындағы сауатсыздықты мүмкіндігінше қысқа мерзімде толық жою мақсатында, **РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1931 жылғы 27 тамыздағы қаулысын жүзеге асыру мақсатында ҚАКСР Орталық Атқару Комитеті Төралқасы мен Халық Комиссарлары Кеңесі 1932 ж. 14 желтоқсанда «Республикадағы сауатсыздарды жалпы оқыту туралы» декрет қабылдайды. Декретте таяу арада ҚАКСР аумағында қалада, ауыл мен деревняда 16-50 жас аралығындағы сауатсыз еңбекші халықты жалпы оқыту енгізілуі; 1932 жылғы 1 қазанға дейін өнеркәсіп кәсіпорындарының, жаңа құрылыстардың, совхоздар мен колхоздардың жұмысшылары арасында сауатсыздықты толық жою; барлық өзге еңбекші топтар арасында – 1933 жылғы 1 қазанға дейін толық жою қамтамасыз етіліп, бұл МТС (машиналы-трактор станциялары) қамтитындығы; ересек сауатсыз және шала сауатсыз халықты жалпы оқытуға жауапкершілік халық ағарту органдарына және сауатсыздықты жою жоспарын орындауға қатысатын ұйымдарға (келісім-шарт негізінде) жүктелетіндігі; сауатсыздықты жою және шала сауаттыларды оқыту жұмысына жалпы басшылықты атқару орынбасарлар мен кеңестердегі мәдени құрылыс кеңестеріне берілетіндігі; АХК-на өзге ұйымдармен бірлесіп: а) сауатсыздар мен шала сауаттыларды оқыту мектептерінің мазмұнын әлеуметтік құрылыс салалары үшін кадр даярлау міндеттерімен байланыстыру; б) ересектерді оқыту жұмысын жыл бойы үздіксіз жүргізу; Ағарту халық комиссариатына және Қазбаспаға **қазақ тілде сауатсыздар мен шала сауаттыларға арналған политехникалық оқу құралдарын**, сондай-ақ шала сауаттыларға арналған **танымдық техникалық, агротехникалық және қоғамдық-саяси әдебиетті** дереу шығару және т.б. шараларды ұйымдастыру ұсынылды (ҚР ОМА. 81-қ., 3-т., 120-іс, 8-9-пп.).**

Соныменен РСФСР Ағарту халық комиссариатының Ересектер мектебі мен курстар бөлімі шығарған сауатсыздарды есепке алу нұсқаулығына сәйкес, сауатсыздарға мыналар жатты: мүлдем сауатсыздар немесе тек әріптерді білетін, бірақ оқи және жаза алмайтындар. Жартылай сауатты тұлғалар санатына әріптердің жаппай түсіп қалуынсыз оқып, жаза алатын, 1000-ға дейінгі сандар жүйесін меңгерген, үш таңбалы сандармен жазбаша қосу және азайту амалдарын орындай алатын, сондай-ақ бір таңбалы санға көбейту мен бөлу операцияларын жүзеге асыра алатын адамдар жатқызылды.

1920–1930 жж. Қазақстанның әр өңірі бойынша сауатсыздықты жою барысында оқуға тартылғандардың көрсеткішін былай беруімізге болады:

3 -Диаграмма. 1920–1930 жж. жылдары әр өңір бойынша жылдық оқытуға қамту көрсеткіші.



Сауатсыздық пен жартылай сауатсыздықты жою алдымен индустриалды қоғам қалыптасу жағдайында өмір сүруге қажетті дағдыларды дамытуға бағытталған еді. «Сауатсыздық» және «жартылай сауатсыздық» ұғымдарын осылай түсіндіру Кеңес билігінің халыққа білім беру саласындағы конвейерлік қағидатына сай келді.

Алайда большевиктер үшін кеңес азаматын тек оқып-үйрету, жазу және есептеуді үйрету жеткіліксіз болып көрінді. Мәдени құрылыс саласындағы мемлекеттің басты міндеттерінің бірі – коммунистік идеяларға берік, оны қорғауға дайын, революциялық көңіл-күйге ие, тәртіпті, техникалық қабілеті бар және ұжымшылдық рухын бойына сіңірген «жаңа адамды» қалыптастыру болды. Мұндай адамды тәрбиелеу үшін оны насихатталатын коммунистік идеалдарға тарту қажет болды, бұл мақсатқа брошюралар, газеттер, плакаттар, парақшалар арқылы қол жеткізуге болатын.

Сауатсыздыққа қарсы күрестегі маңызды белес – СССР Кеңестер Халық Комиссарлары Кеңесі мен ВКП(б) Орталық Комитетінің 1936 жылғы 16 қаңтардағы «Сауатсыз және шала сауатты адамдарды оқыту жұмысы туралы» қаулысы болды. Қаулыда КСРО-да ересек халық арасында сауатсыздықпен күресте үлкен жетістіктерге қол жеткізілгені атап көрсетілді. Бірінші және екінші бесжылдық жылдары шамамен 40 миллион еңбекші оқуды үйренді. 3 жыл бұрынғыдай (А.С. Бубновтың 1933 ж. 28 қаңтардағы ОАК-нің III сессиясында жасаған баяндамасында көрсетілгендей) осы қаулыда да елдегі ересек халықтың сауаттылық деңгейі 90% жеткені жарияланды (ГАРФ. Ф. 2306. Оп. 70. Д. 2422. Л. 19.).

КСРО Халық комиссарлары кеңесі мен ВКП(б) Орталық Комитеті бұл нәтижелерді қоғамдық-саяси ұйымдар мен халық білім беру бөлімдерінің нашар жұмысына байланысты деп бағалады, олар сауатсыздықты толық жою жұмысын екінші планға ығыстырған. Осыған байланысты, 1936 және 1937 жылдар ішінде 50 жасқа дейінгі еңбекшілер арасындағы сауатсыздықты толық жоюды, сондай-ақ 1936 жылы 14-18 жас аралығындағы барлық жасөспірімдерді оқытуды аяқтау міндеттелді. 1936 жылдан бастап әскерге шақырылатындар арасында сауатсыз және шала сауатты ешкім болмауы тиіс болды.

Осы қаулыда сауатсыздар мен шала сауаттылар үшін мектептердің оқу жоспары да бекітілді.

Республикалық АХК-ның бөлімдерінде ересектерді оқытуға арналған арнайы басқармалар құрылды, ал өлкелік және облыстық халыққа білім беру бөлімдерінде ересектерді

оқытуға арналған арнайы секторлар ұйымдастырылды. Аудан деңгейінде сауатсыздар мен шала сауаттылар мектептеріне инспектор лауазымы енгізілді.

Жалпы алғанда, 1936 жылғы 16 қаңтардағы КСРО ХКК мен БКП(б) Орталық Комитетінің «Сауатсыз және шала сауатты адамдарды оқыту жұмысы туралы» қаулысы сауатсыздықты жою үдерісіне маңызды әсер етті. Ол ликбезге назар аударуды қамтамасыз етіп, жергілікті билік органдары, халық білім беру органдары, шаруашылық және кәсіподақ ұйымдарын сауатсыздықты жою бойынша жоспарлы көрсеткіштерге жетуге бағыттады.

Қорытынды

Архив деректері мен тарихи әдебиеттерді талдау барысында большевиктер жүргізген білім беру саясатын модернизациялаудың соңғы мақсаты – кеңестік зиялыларды қалыптастыру болды деген тұжырым жасауымызға негіз бар. Ал бұл міндетті шешудегі бастапқы кезең – жазуды-оқуды білмеушілік пен аз білуді жою, сонымен қатар саяси әлеммен таныс емес адамды кеңес билігі үшін қажетті бағытта бағдарлау құралы ретінде қызмет етті. Осыған байланысты сауатсыздықты жою науқанының негіздері міндетті түрде БКП(б)-ның негізгі саяси ұстанымдарымен үйлестіріліп оқытылды, бұл ересектерді оқытуға арналған әліппелерде, әдістемелік және дидактикалық материалдарда көрініс тапты.

Жалпыодақтық және республикалық кеңістіктегі 1920–1930 жж. сауатсыздықпен күрес және оны жою шаралары «Сауатсыздықты жоюдан инженерге дейін» бағытта алты оқу сатысын қамтыды:

Бастапқы саты: сауатсыздықты жою мектептері мен шала сауатты адамдарға арналған мектептер. Бұл кезеңде грамматика мен математиканың қарапайым ережелері меңгеріліп, фабриканың ұйымдастырылуы мен оның жұмысы туралы бастапқы мәліметтер берілді.

II саты: техникум жанындағы үйірмелер, онда цехтағы жұмысқа қажетті базалық дағдылар оқытылды. Сонымен қатар жалпы білім беретін пәндер қатар жүргізілді.

III саты: біліктілікті арттыру курстары, онда білікті жұмысшылар даярланды

IV саты: технология, машина тану және жетіжылдық мектеп көлеміндегі жалпы білім алуға бағытталған бригадирлер курстары.

V саты: кешкі техникум.

VI саты: кешкі жоғары оқу орны.

Сауатсыздықты жою пункті – аз білетіндер мектебі – жұмысшы университеттері/жұмысшы факультеттері/жетілдірілген типтегі мектептер – жоғарғы оқу орны.

Сауатсыздықты жою және аз білетіндерді оқытуды жою ел халқының білім деңгейін арттырудағы бастапқы кезең болды.

Еліміздегі сауатсыздықты жою тарихын зерделеудегі зерттеушілердің тұжырымдары да әртүрлі ұстанымдарды байқатады.

Мысалға, белгілі ғалым Т. Омарбеков сауатсыздықты жою науқанының жүзеге асуында репрессивтік әдістердің басым болғанын архив материалдары негізінде дәлелдей отырып, бұл үдерістің қазақ қоғамындағы дәстүрлі білім беру жүйесін ығыстыру арқылы мәдени үзілістік тудырғанын атап өтеді. Ал, академиктер М. Қозыбаев, К. Нұрпейіс пен М. Қойгелдиевтің еңбектерінде сауат ашу қозғалысы ұлттық зиялыларды саяси оқшаулаудың құралы ретінде бағаланады, өйткені 1920-жылдардың аяғы мен 1930-жылдардағы репрессиялар нәтижесінде қазақ мектептері мен халық ағарту ісінің идеялық жетекшілері қуғын-сүргінге ұшырады.

Бұған қарамастан, бірқатар зерттеушілер сауатсыздықты жою қозғалысын қазақ қоғамының әлеуметтік дамуына серпін берген маңызды құбылыс ретінде қарастырады. Мәселен, Р.Б. Сүлейменов, А. Сембаев, С. Бәйішев, және т.б. бұл үдеріс кеңестік модернизацияның бір бөлігі бола отырып, қазақ халқының қоғамдық сана деңгейін арттырды, баспа мәдениетінің қалыптасуына, ұлттық кадрлардың өсіп шығуына жол ашты деген тұжырым жасайды.

Сауатсыздықты жою тарихын зерттеуде пікірталас тудыратын негізгі мәселелер

мыналар:

Пікірталас тақырыбы	Зерттеушілер позициясы	Дәлелдеу негізі
Кеңестік модернизациялау ретінде сауатсыздықпен күрес мақсатына жетті ме?	Иә, қоғамдық сана өзгерді, жаңа типтегі оқу орындары ашылды, ұлттық кадрлар дайындалды	Р. Сүлейменов, С. Бәйішев, А. Сембаев, М. Қозыбаев, К. Нұрпейіс, Т. Омарбеков, М. Қойгелдиев, Х. Әбжанов
Сауатсыздықты жою – прогрессивті құбылыс па?	Иә – мәдени даму факторын	Р. Сүлейменов, С. Бәйішев
Күшпен жүргізілген кеңестік идеологияның құралы ма?	Иә – тоталитарлық бақылаудың құралы	Т. Омарбеков, М. Қойгелдиев, Х. Әбжанов, И. Қозыбаев
Оқыту сапасы жоғары деңгейде болды ма?	Жоқ – формализм болған	Архив: ҚР ОМА, к.81, т.1-4-тт.
Қазақ тіліндегі білім беру жеткілікті дамыды ма?	Жоқ – орыстандыру басым	М. Қозыбаев, К. Нұрпейіс

Қазақстандық тарихнамада сауатсыздықты жою мәселесіне қатысты тағы бір маңызды бағыт – оны кеңестік элеуметтік инженерия саясатының құрамдас бөлігі ретінде қарастыру. Бұл тұрғыда зерттеушілер сауат ашу науқаны тек білім беру саласындағы реформамен ғана шектелмей, кеңестік биліктің қоғамды қайта құру жобасының идеологиялық құралы болғанын атап өтеді. Архив құжаттары көрсеткендей, сауатсыздықты жою «мәдени революцияның» маңызды элементі ретінде жоспарланып, оның басты мақсаты халықты коммунистік идеология негізінде тәрбиелеу болды. Мәселен, ҚРОМА қорларында сақталған құжаттарда сауатсыздарды оқыту курстарында оқу бағдарламасына саясатқа арналған арнайы сабақтардың енгізілгені туралы деректер кездеседі (ҚР ОМА. 81-к., т. 1, іс 73, 14-п.).

Сонымен қатар, қазіргі қазақстандық тарихнамада сауатсыздықты жою үдерісін ұлттық кадрлар даярлаудың бастапқы кезеңі ретінде қарастыратын еңбектер саны артып келеді. Бұл көзқарас, әсіресе, ұлттық педагогикалық кадрлардың қалыптасуына байланысты зерттеулерде айқын көрінеді. Алайда, кей зерттеулерде бұл жүйенің сапалық тұрғыдан әлсіз болғаны, әсіресе қазақ тіліндегі оқулықтар мен әдістемелік материалдардың жетіспеушілігі салдарынан білім беру деңгейінің төмен болғаны көрсетіледі.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары гендерлік аспект те талдау нысанына айналды. Демограф-ғалымдар М.Х. Асылбеков, М. Тәтімов сияқты зерттеушілер сауатсыздықты жою қозғалысының қазақ әйелдерінің қоғамдық өмірге араласуына ықпал еткенін дәлелдейді. Бұл бағыт әсіресе Шығыс халықтарының әйелдерін сауаттандыру бойынша ұйымдастырылған «Қызыл отаулар» қызметін зерттеу арқылы негізделеді.

Жұмысшы және ауыл жастары мектептерінің, сондай-ақ ересектерге арналған оқу орындарының қызметі мәселесі де ұзақ уақыт бойы зерттеушілер назарынан тыс қалып келді. Кеңестік кезеңде Қазақстандағы сауатсыздықты жою және жалпы білім беру жүйесінің қалыптасуын зерттеген жұмыстар болғанымен, олардың басым көпшілігі идеологиялық сипатта жазылып, партияның жетекші рөлін әсірелеп көрсетуге бағытталды. Бұл кезеңдегі еңбектердің көпшілігі «мәдени революция» ұғымының аясында қарастырылып, тарихи процестердің күрделі сипатын терең ашпай, тек ресми тұжырымдарды қайталаумен шектелді.

Тек 1990-жылдардан кейін ғана отандық тарих ғылымында жаңа методологиялық тұрғыдан жазылған зерттеулер пайда бола бастады. Солардың ішінде сауатсыздықты жою, ересектерге білім беру, халық ағарту жүйесін қалыптастыру мәселелерін архив деректері негізінде талдаған еңбектердің маңызы зор.

Сауатсыздықты жою мәселесіне қатысты батыс тарихнамалық дәстүрде екі негізгі тенденция қалыптасқанын айтуға болады. Бір жағынан, бұл – кеңестік биліктің жазуды-оқуды білмеушілікті жоюдағы жетістіктеріне сыни көзқарас, яғни осы мәселені сәтті шешуге барлық негіздер революцияға дейінгі кезеңде қалыптасқан деген тұжырым. Екінші жағынан,

зерттеушілер КСРО қысқа мерзімде елеулі мөлшерде жазуды білмейтін және аз білетін азаматтарды оқытуда бұрын-соңды болмаған тәжірибе көрсетті деп атап көрсетеді.

Осылайша, сауатсыздықпен күрес экономикалық қажеттіліктерден гөрі, саяси мақсаттармен – жаңа режимге адал азаматтардан тұратын кеңес қоғамын қалыптастыру қажеттілігімен анықталды. Индустриализация басталған кезде оның жүзеге асырылуы үшін білікті кадрлардың тапшылығы мәселесі күн тәртібіне шықты. Сол кезден бастап сауатсыздықты жою мемлекет үшін бір мезгілде саяси және экономикалық қажеттіліктермен анықтала бастады.

Соныменен қорытындылай келе, 1920–1930 жж. сауатсыздық жою барысында ересектерге білім беру жүйесінің құрылымы мен оны модернизациялаудың нәтижелері төмендегідей болды:

- *Жұмысшы факультеттері* – жоғары оқу орындарына дайындық.
- *Сауат ашу пункттері* – ауылдық ересектерге практикалық оқыту.
- *Сырттан оқыту курстары* – жұмыс істейтін ересектерге арналған.
- *Жұмысшы және ауыл жастары мектептері мен ауылдық сауат ашу пункттері* (1930 жылдардың соңына дейін) – жастарды дайындау, сауат ашу, арифметика, тарих, еңбек дағдылары, идеологиялық пәндерді оқыта бастады.

- *Ауылдық пункттер* – практикалық сабақтар, топтық жұмыс, мәдени іс-шараларды өткізді.


- Қазақстандағы ересектерге білім беру жүйесінің мен сауатсыздықты жоюдағы кеңестік модернизацияның артықшылықтары – жалпы білім деңгейін арттырылды, әлеуметтік трансформация жүрді, кәсіби дайындық жүйеленді.

- *Шектеулері* – педагог кадр мен қазақ тіліндегі оқулықтардың тапшылығы, идеологиялық бақылаудың басымдылығы, аймақтық теңсіздік пен ерекшеліктері. Себебі Қазақстанның әртүрлі аймақтарында сауат ашу пункттері мен ШРМ саны мен тиімділігі әртүрлі болды, бұл халық тығыздығы мен педагогикалық кадрларға байланысты.

Мысалға, 1927–1930 жж. Жетісу округіндегі 12 пунктте – 3 500 ересек оқытылды, оның 60 % әйелдер еді (ҚР ОМА, 141-қ., 1-т., 57-іс, 28-п.); ал 1931–1935 жж. Орынбор округінде 6 шаруа жастар мектебінде – 1 800 жас оқытылды, 70 % ауылдықтар болғанын байқаймыз (РМӘСТА (РГАСПИ), Ф.17. Оп.2. Д.154. Л.12).

Бұны диаграмма түрінде былай кестелеуге болады:

4 – Диаграмма. 1920-1930 жылдардағы әр өңір бойынша оқытылғандар саны.



Сонымен қатар сауат ашу пункттері мен жұмысшы факультеттерінің тиімділігі ересектерді сауаттандыруға бағытталған шаралардың нақты әлеуметтік әсерін дәлелдейді.

- сауатсыздықты жою барысында ересектерге білім беру жүйесінің құрылымы мен оны модернизациялаудың *идеологиялық әсері өте жоғары болды*

Кеңестік идеология сауат ашу бағдарламаларының мазмұнын және әдістемесін анықтады, бұл өз кезегінде оқытудың сапасын төмендетті.

Білім беру жүйесінде жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформалар ересектердің жалпы білім беру мәселелеріне де тікелей ықпал етпей қоймайды. Жоғары оқу орындары жанынан бұрынғы жұмысшы факультеттеріне ұқсас дайындық бөлімдері қайта құрылып, олардың қызметі талапкерлердің жалпы білімдік даярлық деңгейін көтеруге, осылайша олардың жоғары оқу орнына түсуіне қажетті алғышарттарды қамтамасыз етуге бағытталды. Кешкі мектептердің негізінде ересектерге білім берудің полифункционалдық орталықтары құрылды.

Сауатсыздық деңгейінің айтарлықтай бөлігін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, қараусыз жүрген балалар құрайды; олар қажетті әлеуметтік қамқорлықсыз қалумен қатар, ең төменгі деңгейдегі білім алуға да ешбір мүмкіндігі болмады. Мұндай әлеуметтік топтың болуы алдымен балалар мен жасөспірімдер арасындағы, кейін ересектер арасындағы сауатсыздықтың кеңею қаупін тудырғандығын байқаймыз.

1920–1930 жж. республикадағы ересектер арасындағы сауатсыздық деңгейі босқындар санына пропорционалды түрде бірде артып, бірде кеміп отырғандығы да сол жылдардағы құжаттарда анық берілген. Ана тілінде оқу және жазу дағдыларының болмауы оларды білім алудан және кеңестік қоғамға интеграциялану мүмкіндігінен айырды. Қазіргі таңда ересектерге білім беру әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған халық топтарының әлеуметтік бейімделуінің маңызды факторы ретінде қарастырылады.

Sources

CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan
AP RK — Archive of the President of the Republic of Kazakhstan
RGASPI — Russian State Archive of Socio-Political History
GARF — State Archive of the Russian Federation

Деректер

ҚР ОМА — Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві
ҚР ПА — Қазақстан Республикасының Президенті архиві
РМЭСТА (РГАСПИ) — Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архиві (Российский государственный архив социально-политической истории)
РФМА (ГАРФ) — Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві (Государственный архив Российской Федерации)

References

Abzhanov, 2004 — *Qazaqstan: Tarikh. Tulga. Teoriya* [Kazakhstan: History. Personality. Theory]. Almaty: Kitap, 2004. 344 p. (In Kaz.)
Abzhanov, Alpeisov, 1992 — *Qazaqstan intelligentsiyasy men madenieti turaly (qujatty-tarikhi zertteu)* [On the intelligentsia and culture of Kazakhstan (documentary-historical study)]. Almaty 1992. 127 p. (In Kaz.)
Betkenbaeva, 1983 — *Bor'ba za osushchestvlenie leninskogo dekreta o likvidatsii bezgramotnosti sredi naseleniya v kazakhskom aule (1917–1940 gg.)* [The struggle for the implementation of Lenin's decree on the elimination of illiteracy among the population in the Kazakh aul (1917–1940)]. Dissertation for the degree of Candidate of Historical Sciences. Alma-Ata, 1983. 194 p. (In Russ.)
Counts, 1958 — Counts G. S. *Sovetskoe prosveshchenie brosayet vyzov* [The Soviet challenge to education]. Moscow. 1958. 489 p. (In Russ.)
Dekret Soveta Narodnykh Komissarov Rossiyskoy Sovetskoy Federativnoy Sotsialisticheskoy Respubliki (Dekret SNK RSFSR) 1919 — «*O likvidatsii bezgramotnosti sredi naseleniya RSFSR*» [Decree of the Council of People's Commissars of the Russian Soviet Federative Socialist Republic (Decree of the SNK of the RSFSR) dated 26 December 1919 «On the Elimination of Illiteracy among the Population of the RSFSR»] // *СУ РСФСР*. 1919. № 67. 592 p. (In Russ.)
Dekrety, 1980 — *Likvidatsiya negramotnosti* [elimination of illiteracy]. Ukazatel' postanovleniy partii i pravitel'stva (1919–1939) [Index of Party and Government Decrees (1919–1939)] Leningrad, 1940; *Dekrety Sovetskoy vlasti* [Decrees of Soviet Power]. T.X. Avgust–sentyabr' 1920 g. M.: Politizdat, (Izdatel'stvo Politicheskaya literatura)

[Publishing House «Political Literature»]1980. 367 p. (In Russ.).

Direktivy VKP(b), 1947 — *Direktivy i postanovleniya sovetskogo pravitel'stva o narodnom obrazovanii (1917–1947)* [Directives of the CPSU(b) and resolutions of the Soviet government on public education]. Moscow–Leningrad, 1947. 320 p. (In Russ.).

Dzhandildin, 1956 — *Rasstsvet kul'tury i nauki v Sovetskom Kazakhstane* [The flourishing of culture and science in Soviet Kazakhstan]. Alma-Ata: Kazgosizdat, 1956. 76 p. (In Russ.).

Fitzpatrick, 1979 — Fitzpatrick Sh. *The Commissariat of Enlightenment*. Cambridge, 1970; Education and Social Mobility in the Soviet Union, 1921–1934. Cambridge: Cambridge University Press, 1979. 135 p.

Kanapin, 1964 — *Kul'turnoe stroitel'stvo v Kazakhstane* [Cultural construction in Kazakhstan]. Alma-Ata: Kazakhstan, 1964. 366 p. (In Russ.).

Kim, 1967 — *Kul'turnaya revolyutsiya v SSSR (1917–1965)* [Cultural revolution in the USSR (1917–1965)]. Moscow: Nauka, 1967. 423 p. (In Russ.).

King, 1936 — King B. *Changing Man: The Education System of the USSR*. London, 1936. 326 p.

Kozybaev, 1990 — *Istoriografiya Kazakhstana: uroki istorii* [Historiography of Kazakhstan: Lessons of history]. Alma-Ata: Rauan, 1990. 136 p. (In Kaz.).

Kulturnoe stroitel'stvo, 1973 — *V Turkestanskoj ASSR (1917–1924)* [In the Turkestan ASSR (1917–1924)]. Tashkent. 1973. 153 p. (In Russ.).

Lenin, 1970 — *Novaya ekonomicheskaya politika i zadachi politprosvetov* [The New Economic Policy and the tasks of political education]. In: *Polnoe sobranie sochineniy* Moscow: Politizdat (Izdatel'stvo Politicheskaya literatura) [Publishing House «Political Literature»], 1970. Vol. 44. 174 p. (In Russ.).

Lenin, 1970 — *Polnoe sobranie sochineniy* [Collected works]. Moscow: Politizdat (Izdatel'stvo Politicheskaya literatura) [Publishing House «Political Literature»], 1970. 171 p. (In Russ.).

Sembaev, 1953 — *Kazakhskaya sovetskaya shkola (1917–1930)* [Kazakh Soviet school (1917–1930)]. Abstract of dissertation. Alma-Ata, 1953. 26 p. (In Russ.).

Sembaev, 1962 — *Istoriya razvitiya sovetskoy shkoly v Kazakhstane* [History of the development of the ,Soviet school in Kazakhstan]. Alma-Ata, 1962. 183 p. (212 p.) (In Russ.).

Sotsialisticheskoe stroitel'stvo, 1936 — *Kazakhskoy ASSR (1920–1935)* [Socialist construction of the Kazakh ASSR]. Moscow–Alma-Ata, 1936. 291 p. (In Russ.).

Suleimenov, 1967 — *Ob istoricheskom opyte kul'turnoy revolyutsii v Kazakhstane* [On the historical experience of the cultural revolution in Kazakhstan]. Vestnik AN KazSSR. 1967. No. 2. 17 p. (In Russ.).

Suleimenov, 1987 — *Velikiy Oktjabr i kul'turnye preobrazovaniya v Kazakhstane* [The Great October and cultural transformations in Kazakhstan]. Alma-Ata: Nauka, 1967. 88 p. (In Russ.).

Suleymenov 1987 — Suleymenov R.B. *Vzaimovliyanie kul'tur sovetskikh narodov i sovremennoe sostoyanie kazakhskoy kul'tury* [The Mutual Influence of the Cultures of Soviet Peoples and the Contemporary State of Kazakh Culture] // *Leninskie printsipy natsional'noy politiki KPSS i aktual'nye zadachi internatsional'nogo vospitaniya* [Leninist Principles of the National Policy of the CPSU and the Current Tasks of Internationalist Education] / Pod obshechey red. A.A. Ustinova. Alma-Ata: Kazakhstan, 1987. 178 p. (In Russ.).

Suleymenov, Bisenov 1967 — Suleymenov R.B., Bisenov Kh.I. *Sotsialisticheskii put' kul'turnogo progressa otstalykh narodov (Istoriya stroitel'stva sovetskoy kul'tury Kazakhstana, 1917–1965 gg.)* [The Socialist Path of Cultural Progress of Backward Peoples (The History of the Construction of Soviet Culture in Kazakhstan, 1917–1965)] Alma-Ata: Nauka, 1967. 424 p. (In Russ.).

Shtamm, 1985 — *Upravlenie narodnym obrazovaniem v SSSR (1917–1936)* [Administration of public education in the USSR]. Moscow: Nauka, 1985. 284 p. (In Russ.).

El'kina, Boguslavskaya, Kurskaya 1920 — El'kina E., Boguslavskaya N., Kurskaya A. *Doloy negramotnost': Bukvar' dlya vzroslykh. Izdanie Vserossiyskoy chrezvychaynoy komissii po likvidatsii bezgramotnosti*. [Down with Illiteracy: A Primer for Adults. Published by the All-Russian Extraordinary Commission for the Elimination of Illiteracy]. Moscow: Gosudarstvennoe izdatel'stvo, 1920. 32 p. (In Russ.).

Zimanov, Dauletova, Ismagulov, 1975 — *Kazakhskiy otdel komissariata po delam natsional'nostey RSFSR* [The Kazakh department of the People's Commissariat for Nationalities of the RSFSR]. Alma-Ata, 1975. 210 p. (In Russ.).

Әдебиеттер

Fitzpatrick 1979 — *Fitzpatrick Sh. The Commissariat of Enlightenment*. Cambridge, 1970; Education and Social Mobility in the Soviet Union, 1921–1934. Cambridge: Cambridge University Press, 1979. 135 p.

King 1936 — *King B. Changing Man; The education system of the USSR*. London, 1936. 326 p.

Беткенбаева 1983 — Беткенбаева III.K. *Борьба за осуществление ленинского декрета о ликвидации безграмотности среди населения в казахском ауле (1917–1940 гг.)*: Дисс. ... канд. Ист. наук. Алма-Ата, 1983. 194 с.

Декрет, 1919 — Декрет Совета Народных Комиссаров Российской Советской Федеративной Социалистической Республики (Декрет СНК РСФСР) от 26.12.1919 «О ликвидации безграмотности среди населения РСФСР» // *СУ РСФСР*. 1919. № 67. Ст. 592.

- Декреты, 1980 — Ликвидация неграмотности. Указатель постановлений партии и правительства (1919—1939). Л., 1940; Декреты Советской власти. Т.Х. Август — сентябрь 1920 г. Москва: Политиздат, 1980. С. 367
- Джандильдин 1956 — Джандильдин Н. Расцвет культуры и науки в Советском Казахстане. Алма-Ата: Казгосиздат, 1956. 76 с.
- Директивы, 1947 — Директивы ВКП(б) и постановление Советского правительства о народном образовании за 1917–1947 гг. Вып. 2. Сборник документов за 1917–1947 гг. Москва - Ленинград: Издательство Академии педагогических наук РСФСР, 1947 (Москва: 13-я тип. треста «Полиграфкнига»), 1947. 320 с.
- Әбжанов 2004 — *Әбжанов Х.* Қазақстан: Тарих. Тұлға. Теория. Алматы: Кітап, 2004. 344 б.
- Әбжанов, Әлпейісов, 1992 — *Әбжанов Х., Әлпейісов Ә.* Қазақстан интеллигенциясы мен мәдениеті туралы (құжатты-тарихи зерттеу). Алматы, 1992. 127 б.
- Зиманов, Даулетова., Исмагулов 1975 — *Зиманов С., Даулетова С., Исмагулов М.* Казахский отдел Комиссариата по делам национальностей РСФСР. Алма-Ата, 1975. 210 с.
- Канапин 1964 — *Канапин А.К.* Культурное строительство в Казахстане. Алма-Ата: Казахстан, 1964. 366 с.
- Каунтс, 1958 — *Каунтс Дж. С.* Советское просвещение бросает вызов. В 2-х вып. Москва: 1958. 489 с.
- Ким 1967 — *Ким И.П.* Культурная революция в СССР. 1917–1965 гг. / отв. ред. М.П. Ким. Москва: Наука, 1967. 423 с.
- Козыбаев 1990 — *Козыбаев И.М.* Историография Казахстана: уроки истории. Алма-Ата: Рауан, 1990. 136 с.
- Культурное строительство, 1973 — Культурное строительство в Туркестанской АССР (1917–1924 гг.). Сборник документов. Т.1. Ташкент 1973. 153 с.
- Ленин 1970 — *Ленин В.И.* Новая экономическая политика и задачи политпросветов. Доклад на II Всероссийском съезде политпросветов // Ленин В. И. Полное собрание сочинений. Москва: Издательство «Политическая литература» (Политиздат), 1970. Т. 44. С. 174
- Ленин 1970 — *Ленин В.И.* Полное собрание сочинений. Том 44. (Июнь 1921 – Март 1922). Москва: Политлитература, 1970. С.171
- Сембаев 1953 — *Сембаев А.И.* Казахская советская школа от Великого Октября до начального всеобуча (1917–1930 гг.): Автореферат ... канд. пед. наук. / А. Сембаев. Алма-Ата, 1953. 26 с.;
- Сембаев, 1962 — *Сембаев А.И.* История развития советской школы в Казахстане. Алма-Ата, 1962. 183 с. (212 с.)
- Социалистическое строительство, 1936 — Социалистическое строительство Казахской АССР. Экономико-статистический справочник за 1920–1935 гг. Москва – Алма-Ата, 1936. С. 291.
- Сулейменов 1967 — *Сулейменов Р.Б.* Об историческом опыте культурной революции в Казахстане // Вестник АН КазССР. 1967. № 2. 17 с.;
- Сулейменов 1987 — *Сулейменов Р.Б.* Великий Октябрь и культурные преобразования в Казахстане. Алма-Ата: Наука, 1987. 88 с.;
- Сулейменов 1987 — *Сулейменов Р.Б.* Взаимовлияние культур советских народов и современное состояние казахской культуры // Ленинские принципы национальной политики КПСС и актуальные задачи интернационального воспитания / Под общей ред. А.А. Устинова. Алма-Ата: Казахстан, 1987. 178 с.;
- Сулейменов, Бисенов 1967 — *Сулейменов Р.Б., Бисенов Х.И.* Социалистический путь культурного прогресса отсталых народов. (История строительства советской культуры Казахстана. 1917–1965 гг.). Алма-Ата: Наука, 1967. 424 с.
- Штамм 1985 — *Штамм С.И.* Управление народным образованием в СССР (1917–1936). Москва: Наука, 1985. 284 с.
- Элькина, Богуславская, Курская 1920 — *Элькина Э., Богуславская Н., Курская А.* Долой неграмотность: Букварь для взрослых. Издание Всероссийской чрезвычайной комиссии по ликвидации безграмотности. Москва: Государственное издательство, 1920. 32 с.

CONTENTS

HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Baizhumanova Z.B., Kalybekova M.Sh., Gafurov A. MEDICAL EDUCATION IN THE USSR: APPROACHES OF CONTEMPORARY HISTORIOGRAPHY (USING KAZAKHSTAN AS AN EXAMPLE).....	300
Mukhatova O. Kh., Qadilbek M., Tashagyl A. KAZAKH–QING RELATIONS IN THE LETTERS OF ABILPEIZ SULTAN.....	315
Oshan Zh, Khoshbateni H., Sauyrkan Y. HISTORICAL SOURCE MATERIALS IN MANUSCRIPT HERITAGE RELATED TO ER ZHANIBEK.....	329
Tulepbergenov G., Bukanova R.K. KAYUM MUHAMEDKHANOV'S SCIENTIFIC EVERYDAY LIFE IN THE CONTEXT OF THE SEARCH FOR INFORMATION ABOUT ILYAS BORAGANSKY (Dedicated to the 110th birth anniversary of K.Mukhamedkhanov)	342

HISTORY

Abdrakhmanova G.S., Kalenova T.S., Maslov Kh.B. TRANSFORMATION OF REGIONAL GOVERNANCE IN EASTERN KAZAKHSTAN DURING THE CIVIL WAR.....	354
Atdaev S.J., Atdaeva O.G. HISTORY OF ORAZ-YAGLY-KHAN AND HIS DESCENDANTS.....	368
Bekmagambetov R.K., Bimolanova A.A., Bekmagambetova M.Zh. ADMINISTRATIVE-TERRITORIAL STRUCTURE OF THE TURGAY REGION IN THE CONTEXT OF THE STEPPE STATUS OF 1891: IMPERIAL POLICY AND REGIONAL SPECIFICITY.....	386
Dossymova M.K., Topal N., Zhylykshybayeva K. SOVIET RUSSIA AND TURKEY: THE QUESTION OF MILITARY AID (1919–1920).....	400
Zharkynbayeva R.S., Zhangabay A.P. LIVING CONDITIONS, LABOR CONDITIONS, AND MEDICAL CARE OF WORKERS IN THE KAZAKH SSR DURING THE WAR YEARS (1941–1945).....	414
Zakarya R., Saitbekov A.M. POLITICAL EMIGRANTS IN KAZAKHSTAN IN THE 1930S–1940S: MIGRATION PROCESSES AND SOCIO-LEGAL STATUS.....	432
Kasymova D., Mukanova G., Margulan A. SOVIET EXPERIENCE OF KAZAKH-YOMUD CONFLICT SETTLEMENT OF 1923 (BY ARCHIVAL MATERIALS).....	447
Kozybayeva M.M. THE INSTITUTE OF DISENFRANCHISEMENT IN THE ELECTORAL LEGISLATION OF KAZAKHSTAN IN THE EARLY 1920S – FIRST HALF OF THE 1930S.....	465
Nurymbetova G.R., Janysbay T.S. SOVIET MODERNIZATION AND THE ELIMINATION OF ILLITERACY: THE FORMATION OF THE ADULT EDUCATION SYSTEM IN KAZAKHSTAN (1920S–1930S).....	481
Saktaganova Z.G., Ilyasova A.U. ON THE QUESTION OF ESCAPE FROM THE KARAGANDA CORRECTIVE LABOR CAMP DURING THE WAR YEARS (1941–1945).....	502
Sariguzel N. THE IMPACT OF ATATÜRK'S DOMESTIC TRAVELS ON TURKEY'S TAX POLICY (1930–1931).....	519
Toktarbayuly A. THE POLICY OF COLLECTIVIZATION OF THE NATIONAL ECONOMY AND ITS RESULTS (1954–1959, ON THE EXAMPLE OF BAYAN-ÖLGIİ PROVINCE).....	530
Ualiyev T., Sabitov Zh. SOVIET INTERPRETATION OF THE “EDIGE” EPIC IN THE 1920–1930S: MARXIST PREFACES AND APPROACHES OF THE KAZAKH INTELLECTUALS.....	549
Utegenov M., Bektasov Sh., Aliyeva S.I. FROM THE HISTORY OF THE CONFISCATION OF BAYS HOUSEHOLDS IN NORTHERN KAZAKHSTAN (1928).....	565

ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Sharipov R.K., Baigunakov D.S., Nurshanov A.A. PETROGLYPHIC COMPLEXES TANBALY END ALMALY IN THE CHU-ILI MOUNTAINS: NATURAL ENVIRONMENT; SOURCES OF RAW MATERIALS AND MANUFACTURING TECHNIQUES	584
Sholakhov M., Nabiev R. THE IMAGE OF THE SNAKE AMONG TURKO-MONGOLIAN PEOPLES.....	599

МАЗМҰНЫ

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

Байжуманова З.Б., Калыбекова М.Ч., Гафуров А.М. КСРО-ДАҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: ЗАМАНАУИ ТАРИХНАМАЛЫҚ БАҒЫТТАР (ҚАЗАҚСТАН МЫСАЛЫНДА).....	300
Мұхатова О.Х., Қадылбек М., Ташағыл А. ӘБІЛПЕЙІЗ СҰЛТАННЫҢ ХАТТАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ЦИН ҚАТЫНАСТАРЫ.....	315
Ошан Ж., Хошбатени Х., Сауырқан Е. ЕР ЖӘНІБЕККЕ ҚАТЫСТЫ ҚОЛЖАЗБА МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТІК КӨРІНІСТЕР.....	329
Төлепбергенов Ғ.М., Буканова Р.Ғ. ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВТЫҢ ІЛИЯС БОРАГАНСКИЙ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕРДІ ІЗДЕУ КОНТЕКСТІНДЕГІ КҮНДЕЛІКТІ ҒЫЛЫМИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ (Қ. Мұхамедхановтың 110 жылдығына орай).....	342

ТАРИХ

Абдрахманова Г.С., Каленова Т.С., Маслов Х.Б. АЗАМАТ СОҒЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ Өңірлік басқарудың трансформациясы.....	354
Атдаев С.Дж., Атдаева О.Г. ОРАЗ-ЯҒЛЫ-ХАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ.....	368
Бекмағамбетов Р.К., Бимолданова А.А., Бекмағамбетова М.Ж. ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ 1891 ЖЫЛҒЫ ДАЛА ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ: ИМПЕРИЯЛЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІК.....	386
Досымова М.К., Топал Н., Жылқышыбаева Қ. КЕҢЕСТІК РЕСЕЙ ЖӘНЕ ТҮРКИЯ: ӘСКЕРИ КӨМЕК МӘСЕЛЕСІ (1919–1920).....	400
Жаркынбаева Р.С., Жаңабай А.П. СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ (1941–1945 ЖЖ.) ҚАЗАҚ КСР ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ТҮРМЫС-ТІРШІЛІК ЖАҒДАЙЫ, ЕҢБЕК АХУАЛЫ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУІ.....	414
Закарья Р., Сайтбеков А.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ЭМИГРАНТТАР 1930–1940-ЖЫЛДАРЫ: КӨШІ-ҚОН ҮДЕРІСТЕРІ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ.....	432
Қасымова Д.Б., Мұқанова Г.Қ., Марғұлан А.С. ҚАЗАҚ-ЙОМУД ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУДІҢ КЕҢЕСТІК ТӘЖІРИБЕСІ, 1923 ЖЫЛ (МҰРАҒАТ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША).....	447
Қозыбаева М.М. 1920 ЖЫЛДАРДЫҢ БАСЫ – 1930 ЖЫЛДАРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЙЛАУ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРУ ИНСТИТУТЫ.....	465
Нұрымбетова Г.Р., Жанысбай Т.С. КЕҢЕСТІК МОДЕРНИЗАЦИЯ ЖӘНЕ САУАТСЫЗДЫҚТЫ ЖОЮ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕРЕСЕКТЕРГЕ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ (1920–1930 ЖЖ.).....	481
Сақтағанова З.Ғ., Илясова Ә.Ү. 1941–1945 СОҒЫС ЖЫЛДАРЫ ҚАРАҒАНДЫ ЕҢБЕКПЕН ТҮЗЕТУ ЛАГЕРЫНЕН ҚАШУ МӘСЕЛЕСІ.....	502
Сарыгүзел Н. АТАТҮРІКТІҢ ІШКІ САПАРЛАРЫНЫҢ ТҮРКИЯНЫҢ САЛЫҚ САЯСАТЫНА ӘСЕРІ (1930–1931).....	519
Тоқтарбайұлы А. ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҰЖЫМДАСТЫРУ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ 1954–1959 (БАЯН-ӨЛГИЙ АЙМАҒЫ МЫСАЛЫНДА) НА ТРЕХ ЯЗЫҚАХ ПЕРЕВОД.....	530
Уалиев Т.А., Сабитов Ж.М. «ЕДІГЕ» ЖЫРЫНЫҢ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ КЕҢЕСТІК ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ: МАРКСИСТІК АЛҒЫСӨЗДЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҰСТАНЫМДАРЫ.....	549
Утегенов М., Бектасов Ш., Алиева С.И. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЙ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫН ТӘРКІЛЕУ (1928 ж.) ТАРИХЫНАН.....	565

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Шәрипов Р.К., Байғұнақов Д.С., Нұршанов А.А. ШҮ–ІЛЕ ТАУЛАРЫНДАҒЫ ПЕТРОГЛИФТІК КЕШЕНДЕРІ: ТАБИҒИ ОРТАСЫ; ШИКІЗАТ КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ЖАСАЛУ ТЕХНИКАСЫ.....	584
Шолахов М., Набиев Н. ТҮРКІ-МОҢҒОЛ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ЖЫЛАН БЕЙНЕСІ.....	599

СОДЕРЖАНИЕ

ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

Байжуманова З.Б., Калыбекова М.Ч., Гафуров А.М. МЕДИЦИНСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В СССР: ПОДХОДЫ СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИОГРАФИИ (НА ПРИМЕРЕ КАЗАХСТАНА).....	300
Мухатова О. Х., Кадылбек М., Ташагыл А. КАЗАХСКО-ЦИНСКИЕ ОТНОШЕНИЯ В ПИСЬМАХ АБИЛПЕЙЗ СУЛТАНА.....	315
Ошан Ж., Хошбатени Х., Сауыркан Е. ИСТОРИКО-ДОКУМЕНТАЛЬНЫЕ ОТРАЖЕНИЯ В РУКОПИСНОМ НАСЛЕДИИ ОБ ЕР ЖАНИБЕКЕ.....	329
Тулепбергенов Г.М., Буканова Р.Г. НАУЧНАЯ ПОВСЕДНЕВНОСТЬ КАЮМА МУХАМЕДХАНОВА В КОНТЕКСТЕ ПОИСКА СВЕДЕНИЙ ОБ ИЛЬЯСЕ БОРАГАНСКОМ (К 110-летию К. Мухамедханова).....	342

ИСТОРИЯ

Абдрахманова Г.С., Каленова Т.С., Маслов Х.Б. ТРАНСФОРМАЦИЯ РЕГИОНАЛЬНОГО УПРАВЛЕНИЯ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ ГРАЖДАНСКОЙ ВОЙНЫ.....	354
Атдаев С.Дж., Атдаева О.Г. ИСТОРИЯ ОРАЗ-ЯГЛЫ-ХАНА И ЕГО ПОТОМКОВ.....	368
Бекмагамбетов Р.К., Бимолданова А.А., Бекмагамбетова М.Ж. АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОЕ УСТРОЙСТВО ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ В КОНТЕКСТЕ СТЕПНОГО ПОЛОЖЕНИЯ 1891 ГОДА: ИМПЕРСКАЯ ПОЛИТИКА И РЕГИОНАЛЬНАЯ СПЕЦИФИКА.....	386
Досымова М.К., Топал Н., Жылкышыбаева К. СОВЕТСКАЯ РОССИЯ И ТУРЦИЯ: ВОПРОС ВОЕННОЙ ПОМОЩИ (1919–1920).....	400
Жаркынбаева Р.С., Жанабай А.П. УСЛОВИЯ ЖИЗНИ И ТРУДА И МЕДИЦИНСКОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ РАБОЧИХ КАЗАХСКОЙ ССР В ВОЕННЫЕ ГОДЫ (1941–1945 ГГ.).....	414
Закарья Р., Сайтбеков А.М. ПОЛИТИЧЕСКИЕ ЭМИГРАНТЫ В КАЗАХСТАНЕ В 1930–1940-Е ГОДЫ: МИГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ И СОЦИАЛЬНО-ПРАВОВОЕ ПОЛОЖЕНИЕ.....	432
Касымова Д.Б., Муканова Г.К., Маргулан А.С. СОВЕТСКИЙ ОПЫТ УРЕГУЛИРОВАНИЯ КАЗАХСКО-ЙОМУДСКОГО КОНФЛИКТА 1923 ГОДА (ПО АРХИВНЫМ МАТЕРИАЛАМ).....	447
Козыбаева М.М. ИНСТИТУТ ЛИШЕНИЯ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ ПРАВ В ВЫБОРНОМ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ КАЗАХСТАНА В НАЧАЛЕ 1920-Х – ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ 1930-Х ГОДОВ.....	465
Нурымбетова Г.Р., Жанысбай Т.С. СОВЕТСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ И ЛИКВИДАЦИЯ НЕГРАМОТНОСТИ: СТАНОВЛЕНИЕ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ ВЗРОСЛЫХ В КАЗАХСТАНЕ (1920–1930 ГГ.).....	481
Сактаганова З.Г., Илясова А.У. К ВОПРОСУ О ПОБЕГАХ ИЗ КАРАГАНДИНСКОГО ИСПРАВИТЕЛЬНО-ТРУДОВОГО ЛАГЕРЯ В ГОДЫ ВОЙНЫ (1941–1945).....	502
Сарыгузель Н. ВЛИЯНИЕ ВНУТРЕННИХ ПУТЕШЕСТВИЙ АТАТЮРКА НА НАЛОГОВУЮ ПОЛИТИКУ ТУРЦИИ (1930–1931).....	519
Токтарбайулы А. ПОЛИТИКА КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ НАРОДНОГО ХОЗЯЙСТВА И ЕЁ РЕЗУЛЬТАТЫ (1954–1959 ГГ., (НА ПРИМЕРЕ БАЯН-УЛГИЙ АЙМАКА).....	530
Уалиев Т.А., Сабитов Ж.М. СОВЕТСКАЯ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ ЭПОСА «ЕДИГЕ» В 1920–1930-Е ГОДЫ: МАРКСИСТСКИЕ ПРЕДИСЛОВИЯ И ПОДХОДЫ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ.....	549
Утегенов М., Бектасов Ш., Алиева С.И. ИЗ ИСТОРИИ КОНФИСКАЦИИ БАЙСКИХ ХОЗЯЙСТВ В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ (1928 г.).....	565

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Шарипов Р.К., Байгунаков Д.С., Нуршанов А.А. ПЕТРОГЛИФИЧЕСКИЕ КОМПЛЕКСЫ В ЧУ–ИЛИЙСКИХ ГОРАХ: ПРИРОДНАЯ СРЕДА, ИСТОЧНИКИ СЫРЬЯ И ТЕХНИКА ИЗГОТОВЛЕНИЯ.....	584
Шолахов М., Набиев Н. ОБРАЗ ЗМЕИ У ТЮРКО-МОНГОЛЬСКИХ НАРОДОВ.....	599

ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”

2026. 13(2)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй